

Әли ЫСҚАБАЙ

Бесік  
Әжыры



# **БЕСІК ЖЫРЫ**



**Әли ЫСҚАБАЕВ**

# **БЕСІК ЖЫРЫ**

**Тақпақтар, санамақтар, жаңылтпаштар,  
жұмбақтар, ойын өлеңдер**

**Алматы, 1996**

**Әли ЫСҚАБАЕВ**

**БЕСІК ЖЫРЫ**

**Тақпақтар, санамақтар, жаңылтпаштар,  
жұмбақтар, ойын өлеңдер**



Әли Ысқабаевтың бұл жолғы жинағына бесік жырларына бастан бүлдіршіндердің балалық бал қылығын жырға қосқа өлеңдері топтастырылған. Автор туған жер табиғатын жырға арқау ете отырып, еңбек сүйгіштікке, кіші пейілділікке үндейді. Өлеңдері көбіне қысқа, ықшам жазылған, бал мінезінің табиғатын дәл бейнелеп, оның көңілге қонымды болу жағы қарастырылған. Бала қылығына тән өлеңдерінің тілі де жеңіл, оқуға оңай, әрі тартымды.



**ISBN 5 — 7667 — 2921 — 9**



## ӘЖЕ ӘЛДИ

Әлди, әлди, немерем,  
Мен өзіңмен көгерем.  
Жалықпаймын күн бойы,  
Қызығыңа кенелем.  
Әлди, бөпем, әлди-ай,  
Тыңдай берші, ән-күйді-ай!

Ақ бесікті тербетіп,  
Бір өзінді жыр етіп,  
Әжең тыным таппайды,  
Өссін деп сен ержетіп.  
Әлди, бөпем, әлди-ай,  
Тыңдай берші, ән-күйді-ай!

Құшайын мен нісінді,  
Ақ жүзіңнен сүйкімді.  
Тыныш үйде, бесікте,  
Қандырып ал ұйқыңды.  
Әлди, бөпем, әлди-ай,  
Тыңдай берші, ән-күйді-ай!

Бейбіт өмір қыраны,  
Солдат ағаң қырағы,  
Шекараны күзетіп,

Кірпік қақпай түр әне.  
Әлди, бөпем, әлди-ай,  
Тыңдай берші, ән-күйді-ай!

Астық жиған еңіске,  
Әкең кетті егіске.  
Күліп-ойнап жата ғой,  
Тамағыңды сен іш те.  
Әлди, бөпем, әлди-ай,  
Тыңдай берші, ән-күйді-ай!

Шеңең қазір келеді,  
Аймалайды, өбеді.  
Мазаламай тыныш жат,  
Шаруасы көп еді.  
Әлди, бөпем, әлди-ай,  
Тыңдай берші, ән-күйді-ай!

Сүйеу болар тірегім,  
Соғып тұрған жүрегім,  
Арналады өзіңе,  
Бар арманым, тілегім.  
Әлди, бөпем, әлди-ай,  
Тыңдай берші, ән-күйді-ай!

## ЖОЛ БАСЫ

Қаз-қаз, бөпем, қаз бөпем,  
Оң аяқты көтер де,  
Алға қарай бас бекем.  
Қорықпа сен бекерге!

Үстелді жүр жағалап,  
Буындарың қатайсын.  
Көмек күтпе сағалап,  
Өзің де нық аттайсын.

Қолыңды соз, жарай ма,  
Міне, былай, мен күсап,  
Құлап кетпе, абайла,  
Девенді түр тең ұстап.

Қаз-қаз, бөпем, бір, екі, үш,  
Алға атта, құлама.  
Өстіп үйрен, беки түс,  
Жығылсаң да жылама.

Келгеніңше жетіге  
Жерден жейсің таяқты,  
Кеттің, міне, екіге,  
Көтеріп бас аяқты.

Міне, аттадың, алғашқы,  
Құтты болсын қадамың!  
Тағы, тағы жалғастыр,  
Таудай болсын талабың!

Жүре аласың бассаң жай,  
Сүйейді деп сенбегін,  
Үш аттадың жасқанбай,  
Міне, бұл өз еңбегің.

Осы адымың жалғасып,  
Жүгіре де аласың.  
Туған жерді маң басып,  
Аралайсың даласың.


Табаныңнан өтеді,  
Басқан жердің жылуы.  
Жүрегіңе жетеді,  
Нұрлы күннің қызуы.

Қаз-қаз, бөпем, жүре ғой,  
Адымға адым жалғашы.  
Тәй-тәй басып күле ғой,  
Құтты болсын жол басы!

## АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Бір,  
Екі,  
Үш,  
Ал атта!  
Тұрма қарап, бол, атта!  
Аттай қойшы, құлыным,  
Керек енді жүруің.

Бір,  
Екі,  
Үш,  
Келе ғой,  
Құшағыма ене ғой.  
Аттағаның осы-ақ па,  
Жаттықсаң сен үш атта,  
Жылдам жүріп кетесің.  
Мені қуып жетесің.



Бір,  
Екі,  
Үш,  
Ал тыңда!  
Алға атта, талшында.  
Бекем ұста дізенді,  
Күтіп тұрмыз біз енді.

Тек қимылда батылдау,  
Бөпем менің батыр-ау!  
Кәне, тәй-тәй, жүре ғой,  
Мәз-мейрам боп күле ғой.

Алға қарай басқанда,  
Ештеңеден жасқанба.  
Міне, міне, жарадың,  
Үш-төрт бастың, санадым.

Адымға адым жалғасты,  
Қаз-қаз басқан алғашқы,  
Құтты болсын қадамың,  
Дәу жігіт бол, қарағым!

## ТӘЙ, ТӘЙ

Кәне, көтер оң аяқты,  
Алға қарай ештеп бас.  
Содан кейін сол аяқты,  
Көтер-дағы тіктеп бас.

Тәй, тәй, бөпем, тәй, бөпем,  
Жүре қойшы жәй, бөпем.

Әуелі сен оң аяқты,  
Одан кейін сол аяқты,  
Алма-кезек көтеріп,  
Алға аттасаң оңай-ақты.

Тәй, тәй, бөпем, тәй, бөпем,  
Жүре қойшы жәй, бөпем.

Қуанасың өзің де  
Алға қарай басқанда.  
Қаз-қаз жүрген кезінде,  
Ешнәрседен жасқанба.

Тәй, тәй, бөпем, тәй, бөпем,  
Жүре қойшы жәй, бөпем.


Міне, міне жарадың  
Алға бастың бір адым.  
Тәй тұрудан бар адым  
Басталған ғой, шырағым.

Тәй, тәй, бөпем, тәй, бөпем,  
Жүре қойшы жәй, бөпем.

## ТҰСАУЫҢДЫ КЕСТІК БІЗ

Аяқ басса біріндеп,  
Қос тізесі дірілдеп.  
Қолдары да қалықтап,  
Аттай алмас анықтап.





Қозғалам деп шұғыл тым,  
Байқаусызда жығылды.  
— Әуш де де түрегел,  
Асықпай бас, жүре бер.

Жығылдым деп жылама,  
Енді гәрі күлама, —  
Дейміз біздер, — тәй басып,  
Алға атта жәй басып.

Қаз-қаз басса кідірмей,  
Жүгіргенде мүдірмей,

Өссін бөпем есейіп,  
Күрмеу жібін шешейік, —

Деп ағайын жиналып,  
Өзіңе арнап сый алып,  
Тұсауынды кестік біз,  
Құтты болсын дестік біз.

Көріп аяқ басуын,  
Тұсау кесер шашуын,  
Ақ әжелер шашты көп,  
Ән мен күйге басты кеп.

## ӘЙЕЙ БӨПЕМ

Тарап едім шашынды,  
Көрікті етті басынды.  
Әйей бөпем, әй бөпем.

Қарындашты ұшғайды,  
Бәрін таза ұстайды,  
Әйей бөпем, әй бөпем.

Көйлегіңнің гүлі де,  
Жарасады түріңе,  
Әйей бөпем, әй бөпем.

Толтырып дәу бір бетті,  
Салдың талай суретті,  
Әйей бөпем, әй бөпем.

Шырай берген өзіңе,  
Мөлдірейді көзің де,  
Әйей бөпем, әй бөпем.


Айтқан сөзді құп алып,  
Тіл алады қуанып,  
Әйей бөпем, әй бөпем.

Мұрының да қырланып,  
Жүзің де түр нұрланып,  
Әйей бөпем, әй бөпем.

Кіші інісін жылауық,  
Жұбатады бір ауық,  
Әйей бөпем, әй бөпем.

Қуыршағын күтеді,  
Кейде жүн де түтеді,  
Әйей бөпем, әй бөпем.

Әкесінің күні ғой,  
Анасының гүлі ғой,  
Әйей бөпем, әй бөпем.



Әжесінің үні ғой,  
Ал маған ол іні ғой,  
Әйей бөпем, әй бөпем.

Талабың да дәу, інім,  
Сені күтер дәуірің,  
Әйей бөпем, әй бөпем.

Әйей болып өсе бер,  
Сені әйей десің ел,  
Әйей бөпем, әй бөпем.

## ОН САУСАҚ

Он қолымда — бес саусақ,  
Сол қолымда — бес саусақ,  
Егер түрсам жазып жай,  
Қадау-қадау қазықтай.  
Қоссам бәрін — он болмақ,  
Бұтақ болар он тармақ,  
Он қолдағы ашылған,  
Бес саусақтың үстіне  
Қонып жатыр күс, міне:  
Бас бармақта бір тұтам —  
Ұзын сирақ көккүтан.  
Балалы үйрек қалапты —  
Көгершінді балақты.  
Орған терек — аққуда,  
Ұқсап қапты ол ақ туға.  
Шылдыр шүмек басында  
Орын дайын лашынға.  
Кішкене бөбек  
Бүркітке  
Тиген екен, үркітпе.  
Сол қолдағы ашылған,  
Жас бұтақтай аршылған  
Бес саусаққа көрікті,

Бес аң орын теуіпті.  
Бас бармаққа жабысқан —  
Аң патшасы Арыстан.  
Балалы үйрек  
Бос тұрма?  
Ол тиіпті қасқырға,  
Орған теректе — ең биік,  
Ұшына шыққан жезкиік.  
Шылдыр шүмек  
Қайратты —  
Жолбарыста айбатты.  
Кішкене бөбек тұғыры —  
Тік көтерген бұғыны.  
Осылайша қарашы,  
Жақындасқан арасы,  
Он саусақта тізіліш,  
Бір-біріне қызығып,  
Құстар қонған қаз-қатар,  
Аңдар отыр қаз-қатар.  
Қазір бәрі ән салмақ,  
Балаларды қарсы алмақ.  
Басталды ойын, алақай,  
Тез жет, қалма, балақай!

## ҰРПАҒЫМНЫҢ ЖАЛҒАСЫ

Арманымның арнасы,  
Асылымның алмазы,  
Үілдеген немерем —  
Ұрпағымның жалғасы.

Құшағыма сыймаған,  
Ол керемет сый маған.

Сак-сак күлсе жадырап,  
Базар болар үй маған.

Қасында оның сайранмын,  
Қызығына тойғам мың.  
Қарт жүректі жасартқан,  
Немеремнен айналдым.

## НЕМЕРЕ

Немерем — орманым,  
Ол — менің қорғаным,  
Шабытым өмірлік,  
Таусылмас арманым.

Немерем тым ыстық,  
Дем алам тыныс қып.  
Ән-күйім ол менің,  
Тілегім тыныштық.

\* \* \*

Құшаққа енсе немерем,  
Кеңейеді кенерем.  
Әнге салам уатып,  
Күлімдейді ол қуанып.

Қарсы аламыз есіктен,  
Томпаң қағып кіргенін.

Оның туған күні той,  
Үілдеген үні той.  
Бізге ұсынған ең қымбат,  
Анасының гүлі ғой.

Жүзімдегі нұрым ол,  
Күш-қуатым, пірім ол.  
Қуанышым, бақытым,  
Көңілдегі жырым ол.

Мақтан көрем күлгенін,  
Қызықтаймыз жүргенін.

Желп-желп етіп тұлымың,  
Өсе берші, құлыным.  
Күннен-күнге көбейген,  
Қызықтырар қылығың.

\* \* \*

Алдымнан шығып аталап,  
Күнімдей күліп қарайды.  
Құшаққа алсам, от орап,  
Қуаныш бойға тарайды.

Сөзімді түгел құптайды,  
Айтқанның бәрін біледі.  
Қасымнан бір сәт шықпайды,  
Қойныма еркін кіреді.

Ерікке кейде көнбейді,  
Зекісем аузын ашпайды.  
Бала ғой әлі кең пейлі,  
Өкпелеп әсте қашпайды.

Кезі де бар-ау қинайтын,  
Төрт бөліп түнгі ұйқыңды.  
Болғанмен теңтек қымайтын,  
Қылығы көп-ақ сүйкімді.

\* \* \*

Көп оралмай етекке,  
Дәу әженді жетекте.  
Еңбектеуді қой-дағы,  
Күшінді жи бойдағы.

Енді бекем адымда,  
Көп асу бар алдында.

Тұсауың да кесілді,  
Қадамың кең көсілді.

Қадамды нық басқаның,  
Өмір жолың ашқаның,  
Алған беттен таймағың,  
Саған қорған аймағың.

## МЕН АНАМНЫҢ ЖЫРЫМЫН

Мен анамның жырымын,  
Шешек атқан гүлімін.  
Ашық аспан көгінен,  
Шуақ шашқан күнімін.

Мен анамның тірегі,  
Жалын атқан жүрегі.  
Мият тұтып мені ылғи,  
Қайраттанып жүреді.

## ӘЖЕ ТІЛЕГІ

Зұлым соғыс болмасын,  
Тілекті ел қолдасын.  
Жалынымен оқ дәрі,  
Бір тал гүл де солмасын!

Бейбіт өмір ән-күйі  
Кернеп жатсын даланы.

Қуандырып ананы,  
Шаттандырып баланы.

Гүлге тұнған аймағы,  
Бұзылмай ел қаймағы,  
Желбіресін биікте,  
Қазақстан байрағы!

## АЛАҚАНЫ АЯЛЫ

Түн ұйқысын төрт бөліп,  
Ақ сүтімен өсірген.  
Еркелесем мәрт көріп.  
Қатемді де кешірген,  
Анам менің асыл жан.

Жүрегінің шуағын,  
Аямаған елінен.  
Ана жолың қуамын,  
Биіктерден көрінем,  
Қиындықтан жасыман.

Бір сәт қабак шытпайды,  
Шаршаса да ол тегі.  
Маңдайымнан сыйпайды,  
Мейірімін мол төгіп,  
Кетсем де алыс қасынан.

Алақаны аялы  
Сыйпағанда шаттанам.  
Құшағы кең саялы,  
Сыйлайды тек бақ маған,  
Мәңгі жаса, ақ аням!

## АТАМ

Өсіріп атам сақалды,  
Ақсақал шал атанды.  
Жүрсе де жүзі жадырап,  
Бұзықтарға каталды.

Бірақ та маған жаны ізгі,  
Барлық сөзі маңызды.  
Адамдық жайлы үйретті,  
Талай қызық аңызды.

## ӘЖЕМ

Кимешек киген көлемді,  
Мейірі мол әжемді;  
— Дәу апа, — дейді иіліш  
Сәлем берген ел енді.

Аймаққа мәлім бұл әжем,  
Шуақ сепкен күн әсем.  
Пейілім ұғып мен өсем,  
Құшағына түнесем.

## БЕС САУСАҚ ПЕН ҚОЛ

Басбармақ:  
— Кәне, мен гүл егейін, —  
деді,

Балан үйрек:  
— Шұцқыр қазып берейін,  
— деді.

Ортан терек:  
— Тоңырақ, қи төгейін, —  
деді.

Шылдыр шүмек:  
— Түбін көміп, су себейін,

— деді,

Кішкене бөбек:  
— Күнде күтіп жүрейін, —  
деді.

Қол:  
— Бәріне бірлік тілейін,  
— деді.

Өстіп олар бірлесіп,  
Кең алаңға гүл екті.  
Қызыл-жасыл гүл өсіп,  
Кеше бойын түлетті.

## ҒАЖАЙЫП

Өмірде көп-ақ қой  
ғажайып,  
Қалмайтын ешқашан  
азайып.

Ал кәне, саусақпен сапайық,  
Дәптерге мәнерлеп жазайық:

Атамның ән-күйі ғажайып,  
Әжемнің әлдігі ғажайып.  
Апамның мейірі ғажайып,  
Әкемнің пейілі ғажайып.

Әшкеннің ақылы ғажайып,  
Ағамның нақылы ғажайып.

Сіндімнің ізеті ғажайып,  
Інімнің ниеті ғажайып.

Бөземнің күлгені ғажайып,  
Бәрін де білгенім ғажайып.  
Бөлмеген іргені ғажайып,  
Үлгі алып жүргенім  
ғажайып.

Осындай жақсы әдет  
ғажайып.

Қалмасын ешқашан  
азайып.

## ЖАЗИРАЛЫ КЕҢ ӨЛКЕМ

Бай далам,  
Жайнаған  
Ырысқа мол кенелген,  
Жасанады,  
Жасарады  
жазиралы кең өлкем.

Жер сәулетін,  
Ел дәулетін  
Көрген адам қызығар.  
Асқар жанды,  
Дастарханды  
Онда шошан ізі бар.

Дән толқыған,  
Ән шалқыған  
Тың төсіне тәнгіміз.  
Сүйікті ұлдар,  
Биік тұлға  
Диқандармен сәндіміз.

Нақ бүгінгі  
Шаттығымды  
Жасыра алмас кеуде түк.  
Атырабым,  
Жатыр әнін  
Бұлбұл күстай тербетіп.

## АҚ БЕСІГІМ

Әуел бастап,  
Құшақ ашқан  
Әнге бөлеп санамды,  
Ақ бесігім,  
Бақ бесігім,  
Шексіз сүйем даламды.

Жайған өркен  
Жайнап өлкем,  
Жырдан шашу шашады.  
Бұлбұл сайрап,  
Алтын аймақ,  
Сазын әнге қосады.

Туған жерім,  
Туған елім  
Еркелетіп өсірді.  
Бойға көрік,  
Ақыл беріп,  
Қатемді де кешірді.

Тауға биік  
Басымды иіп,  
Тұрсам үлкен мәртебе,  
Жері сымбат,  
Маған қымбат,  
Өлкемдегі әр төбе.

## ҰНАТАМ

Тауды ұнатам,  
Басында қары бар.  
Бауды ұнатам,  
Жемістің бәрі бар.

Елді ұнатам,  
Бақыты, бағы бар.  
Жерді ұнатам,  
Арайлы таңы бар.

Колді ұнатам,  
Мөп-мөлдір суы бар.  
Белді ұнатам,  
Көгілдір нуы бар.

Дананы ұнатам,  
Өшшейтін ізі бар.  
Даланы ұнатам,  
Ақ панның иісі бар.

## ҚҰМ ӘНІ

Ақ шағыл құм айнала,  
Ән сап жатқап жай ғана:  
— З-з-з-з-з. . . с-с!

Биігінен қарасаң,  
Үн шығады орасаң:  
— Жз-жз-жз!

Сыбдырындай жашырақ,  
Күй тыңдайды атырап:  
— Ш-ш-ш!

Таппағандай жылы үйді,  
Бөрі боп та ұлиды:  
— У-у-у!

Жел гулесе ышқыныш,  
Ызындайды ысқырыш:  
— Ыс-ыс-ыс!

Ең бір гажап қызығы,  
Күмның бітпес ызыңы.  
Күйін тартып толғаныш,  
Кейде жатар долдавыш.

Жел суырган қызыл күм  
Шығарады қызық үн:  
— З-з-з-с-с!  
— Жз-жз-жз!  
— Ш-ш-ш!  
— У-у-у!  
— Ыс-ыс-ыс!  
Деп күм да тіл қатады,  
Ән-күй тартып жатады.

## КҮН ЖАУАБЫ

— О, алтын күн, көктегі,  
Арманың болар көп тегі?  
— Ең әуелгі арманым,  
Өртенбей еш орманым,  
Құты қашып елімнің,  
Солмаса гүлі жерімнің,  
Ренжітпей бірін тек,  
Адамдар жүрсін күлімдеп, —  
Деп төгемін нұрымды,  
Осынау шындық сырымды,  
Кейде ұқпай пенделер,  
Түтінге өзі сенделер.

Олар тартар сазайын,  
Несіне айтам о жайын.  
Бүзбай өмір қаймағын,  
Жайнасын өңір, аймағым.  
— Кейде жерді қалап аң,  
Қарайсың ба алалап?  
— Даламдай кең пейілім,  
Жүрегім толы мейірім.  
Мен үшін жоқ уағың,  
Бәріңе ортақ шуағым.  
Жер шарының ұл-қызын  
Жылтуға жетер қызуым.

## СҰРАҚ ПЕН ЖАУАП

— Таулар неге тым биік?  
— Өскен шығар күн сүйіш.  
— Күн қалайша шуақты?  
— Жылу бар онда қуатты.  
— Баулар неге жемісті?  
— Ырыс-күт қой жер үсті.  
— Жер беті неге көрікті?  
— Табиғат сыйға берішті.  
— Аспан неге көгілдір?  
— Шөп бояуын тоғиш түр.

— Ауа неге жұпардай?  
— Тіршілік нәрі ол жұтар  
жай  
— Бұлақ неге тынбайды?  
— Бөлемек гүлге күм,  
жайды  
— Өзен ағар қай жаққа?  
— Шөлдеген дала, аймаққа  
Жайнасын дала гүл өсіш,  
Бұлақтар ақсын күнде өстіш





## КӨГІЛДІР КӨКТЕМ

Мұхиттай көктем  
Нөсерін төккен.  
Келіпті, алақай,  
Көгілдір көктем.

Аймалап беттен  
Самалы өпкен,  
Тарайды талдап  
Шашымды еппен.

Қызғалдақ кыр да  
Малынған нұрға.  
Көк өңдір шақты  
Қосып түр жырға.

Кең жазық сала,  
Жұпарлы дала,  
Жасыл түк пүліш  
Оранған дала.

Көктем кеп тағы да,  
Тоңынан түз айықты.  
Нұр төгіп бағыма,  
Ағаш бүр жайыпты.

Табиғат мүлгіді,  
Шуаққа малшынып,  
Бас иіп шүлгіды,  
Самалға талшыбық.

Біз талай барған  
Қайыңды орман  
Ұмтылып күнге  
Бүршігін жарған.

Жағасы күрақ,  
Сылдырап бұлақ  
Жөңкиді төмен  
Жартастан құлап.

Құйқылтып сансақ,  
Нақыштап ән сап,  
Ұшады құстар  
Көгімде самсап.

Жеріме жеткен  
Нұрын мол төккен,  
Жұпарын шашты  
Көгілдір көктем.

\* \* \*

Жұпары аңқыған,  
Мамырдың демімен,  
Кең дала балқыған,  
Ақ нұрдың лебімен.

Құлшыртып маңайды,  
Хош иіс гүл еткен,  
Қуантқан талайды,  
Ғажап қой, бұл көктем!

## КУЗ КЕЛДІ

Күз келді, міне, күз келді,  
Дала тарғыл түске енді.  
Жапырақтар саудырап,  
Жапшай жерге түсті енді.

Сары алтынға малынған,  
Жезден шапан жамылған,  
Дала жатыр дамылдап,  
Мол өнімі алынған.

Құс базары тарады,  
Бізден кетіп барады.  
"Көріскенше қош бол", - деп,  
Қаваттарын қағады.

Керуен көшіп сәнді етіп,  
Ұшады олар әндетіп.  
Жонды жатыр күмістен,  
Аппақ қырау оңды етіп.

## ҚЫС ТҮСІПТІ

Қар жауып түр қылаулап,  
Ақ мақтадай қыр, аумақ.  
Жұмсақ мамық көрпеге  
Бала біткен жүр аунап.

Қыс түсіпті, алақай,  
Жүр ойнайық, балақай!

Аяз ата қақпаны  
Естіледі қаққаны.  
Сүрінбесін тез барып,  
Шам біткенді жақ, кәне.

Алқа таққан шыршаны,  
Жайнатсын бір нұр шамы.


Шашып жатыр қыс әппақ,  
Күмісті үгіп ұсақтап.  
Таза ауада ойнайық,  
Аққаланы күшаққа ап.

Заулайықшы шапамен,  
Бұдыры жоқ дала кең.

## СЫРҒАНАҚ

Бүгінгі күн тым ғажап,  
Төбемізден түр қарап.  
Ауыл маңы терең сай,  
Дөң қабағы — сырғанақ.

Өзіміз көп баламыз,  
Қолда бір-бір шапамыз.  
Сабақтан соң жиналып,  
Сырғанаққа барамыз.



Міне, қызық қараңыз,  
Кезек сайлап аламыз.  
Қыр басынан төменге,  
Жұлдызша біз ағамыз.

Шана көші шұбайды,  
Кейбіреулер күлайды.

Шеберлігін бар бала,  
Сырғанақта сынайды.

Кешке жақын вансаңыз,  
Шаршаймыз да баршамыз  
Сонда-дағы үйді-үйге,  
Күліп-ойнап қайтамыз.

## ЖЫЛ СӘЛЕМІ

Алақай-ау, алақай,  
Жыл жетісті, балақай!  
Аяз ата келіп тұр,  
Үйге, міне, еніп тұр.

Базарлығы мол екен,  
Қоржын басы толы екен.  
Сый тартады ол қазір,  
Қатарға тұр, бол әзір.

Аяз ата, төрлей бер,  
Биіктерге өрлей бер.

Өзін шашқан шашудан,  
Жыл ажары ашылған.

Өзіңе айтар басты ұран:  
— Тыйылмасын жастық ән  
Достан ірге үзбейік,  
Бар елге бақ іздейік.

Тілеуіндей ананың,  
Бақытындай баланың,  
Ақша қардай әдемі  
Бұл Жаңа жыл сәлемі.

## КҮМІС ҚАР

Қырларды жапты күміс қар,  
Далада жаңа тыныс бар,  
Бұталар жылт-жылт етеді,  
Жарқылдақ бейне — хрусталь.

## АНТ ЕТЕМІЗ

Даңқы кеткен ғасырға,  
Ескерткіштер қасында,  
Мәңгілік от басында:  
— Дәстүрге адал өтеміз! —  
Деп біз ант етеміз.

Қорғап қалған елімді,  
Гүл жайнаған жерімді,  
Батырларды, ерімді:  
— Құрмет тұта береміз! —  
Деп біз ант етеміз.

— Ғарыш сырын ашамыз,  
Айдан әрі асамыз,  
Шолпанға аяқ басамыз,  
Жұлдызға да жетеміз! —  
Деп біз ант етеміз.

Өйткені,  
Біз мәңгілік  
Ерліктерін ән қылып,  
Ісімізбен таң қылып,  
Нық басатын ертеңге,  
Ұландармыз ор кеуде!

## ӨСІП КЕЛЕ ЖАТЫРМЫН

Бесігінде бақыттың,  
Ән-жырымен уақыттың,  
Қанатында арманның,  
Шыршасындай орманның,  
Өсіп келе жатырмын.

Гүл жамылған қыратта,  
Шалқып аққан бұлақтай,  
Мәуелі еткен бағымды,  
Тау суындай ағынды,  
Тасып келе жатырмын.

Арманыма ұмтылып,  
Бір жығылып, бір тұрып,  
Жарысам деп киікпен,

Асқаралы биіктен,  
Асып келе жатырмын.

Құстың тыңдап үндерін,  
Жасыл жайлау гүлдерін,  
Саялы бақ нуларын,  
Бұлақтарып, суларын,  
Кешіп келе жатырмын.

Бейбіт өмір тынысып,  
Қазынасын, ырысын,  
Байтақ жатқан жерімді,  
Қорғау үшін елімді,  
Өсіп келе жатырмын.

## БАУҒА ЕРТЕ КЕЛЕМІН

Бақшаға мен еккем-ді  
Көшеттерді көктемде.  
Күнге қарап, бой түзең,  
Өсіп қапты көк демде.

Тез өссін деп қиярым,  
Суды өзім құямын.

Бәрі қаулап, гүлдеп тұр,  
Жақында өнім жиямын.

Бауға ерте келемін,  
Жемістерді теремін.  
Атам құсап достарға,  
Үлестіріп беремін.

## МЕН ҚҰМАРМЫН АУЫЛҒА

Бақша еккен ауылға,  
Барғым келіп тұрады.  
Бітік өскен қауынға,  
Әркім мойын бұрады.

Бағбан атам жақсы адам,  
Соңына еріп жүремін.  
Қауындарды бақшадан  
Кейде өзім үземін.

Дәмі балдан несі кем,  
Қаптап жатыр дөңгелеп,  
Дықан атам өсірген  
Алтын түсті әңгелек.

Женді түріп, еркін бір,  
Кірісетін қауынға,  
Көру үшін көркін бір,  
Мен құмармын ауылға.

## МЕН АСАУДЫ ҮЙРЕТтім

Жазды күні жайлауда  
Отырғанбыз қойнауда.  
Бір асау ат оскырып,  
Тұрған еді байлауда.

Дәу қамшыны қолға алып,  
Шықтым-дағы алға нық:  
"Мен үйретем!" — дедім де,  
Тұра қалдым қомданып.

Атқа салдым тоқымды,  
Қысып алдым тақымды.  
Сол-ақ екен, күр асау  
Оқ жыландай атылды.


Астымдағы шырағым,  
Жымпитып қос құлағын,  
Зулап ала жөнелді,  
Мықты болсаң, шыдағын!

Ауыздықпен алысып,  
Желмен келем жарысып.  
Тарта-тарта тізгінді,  
Қолым қалды қарысып.

Еркіме бір көнбеді,  
Соқпақ жолмен дөңдегі  
Ала қашты арындап,  
Қатты састым мен тегі.

Алдан есті күшті ағын,  
Бірақ құлап, ұшладым.  
Зуылдады жүрегім,  
Жалдан мықтап ұстадым.

Алдымда күз жақын-ды,  
Қыса түстім тақымды.  
Тайсалмады кер құнан,  
Садақша бір атылды.



Қарғыш кетті ақ жардан,  
Ұстай қалдым ақ жалдан,  
Елең етпей келемін,  
Тақымды да қажалған.

Шарлап талай шығанды,  
Атым терге шыланды.  
Түске дейін алысып,  
Көндіктірдім күнанды.

Беткейінде төбенің,  
Жайпап басып желегін,  
Тартып қойып тізгінді,  
Сар желдіріп келемін.

Үйренбеген құрыққа,  
Байланбаған сырыққа,  
Адам күшін мойындап,  
Асау көнді ырыққа.

## МЕН ШОФЕРМІН

"Дүр-дүр, дүр-дүр, дүріл"-  
деп,  
Екі нығым дірілдеп,  
Педальды кеп басамын,  
Қырат белден асамын.

Машинам да жүйтқиді,  
Жолдың шаңы үйтқиды.  
Артқа тастап беленді,  
Аралаймын мен елді.

Өзім шофер — рульде,  
Өзім мотор — гүрілдеп,  
Жол тәртібін сақтаймын,  
Бұрылыста тоқтаймын.

Салыпбай бос жүріске,  
Бір бұрыштап бұрышқа  
Жүк тасысам дүрілдеп,  
Қарайды атам күлімдеп.

Құлдияласам еңіске,  
Заулап кетем тегісте,  
Бірақ жолда тұрады,  
Көз қнығым қырағы.

"Дүр-дүр, дүр-дүр, дүріл"-  
деп,  
Екі нығым дірілдеп,  
Жолдың асып беленіп,  
Жүк тиіп ап келемін.

## БІЗДІҢ ДӘРІГЕР

Аппак қалпақ, халатын  
Гүлнар киіп алатын.  
— Дәрігермін мен, — дейтін,  
Сырқаттансаң, кел, —  
дейтін.

— Ауырайық, емдесің,  
Денсаулықты жөндесің, —  
Дейміз-дағы, ыңкылдап,  
Сырқаттанып қыңкылдап:

Тышыршимыз, ішім деп,  
Зар қағамыз, тісім деп,  
Басты ұстаймыз, шекем деп,  
Ақсаңдаймыз секеңдеп.

Түкке келмей шамамыз,  
"Науқас" бола қаламыз.  
Бәрі "гөй"-ге басады,  
Ал "дәрігер" сасады.

Шетімізден қабылдап,  
Сөйлескенде сабырлы-ақ.  
Сырқат сырын өзінше,  
Сұрайды көп көзінше.

Ісмерлікті қалаймын,  
Үйренемін деп мен оны  
Талаптандым талай күн.

Қуыршақтың көйлегін  
Дұрыс тікпей басында  
Жіберген ем кейде мін.

Іші ауырған сырқатқа;  
— Аузыңды тый, дым  
Жеміс жеме піспеген,  
Айтқанды жөн істеген, —

Деп береді ақылын,  
Түсіндіріп ақырын.  
Көріп сосын таңдайды,  
Жүректі де тыңдайды.

Тісі ауырған балаға:  
— Кәмпитті сен қалама,  
Тәттінің жоқ керегі, —  
Деген кеңес береді.


Ыңкылдасаң, шекем деп,  
Ақсаңдасаң секеңдеп,  
— Мына ем саған  
Деп дәкемен орайды.

Сырқаттансақ,  
Шошымай  
Бәрімізді осылай  
Гүлнар күнде емдейді,  
— Жазыласың сен, — дейді

## ТІГІНШІМІН

Қазір күнде іс тігем,  
Көйлегімді қуыршақ  
Тастамайды үстінен.

Қажет етсең әрине,  
Қона кетер денеге,  
Киім тігем бәріңе.



— "Ұмыттың ба мені?"  
 — деп,  
 Өкпелеме, мысығым,  
 Киіндірем сені де.

Өйткені мен білемін:  
 Тігіншілер ақтайды  
 Барша жанның тілегін.

### ТІЛ АЛҒЫШ

Кіш-кішкене Тұрысты  
 Үйдің іші мақтайды.  
 Ол атқарса жұмысты,  
 Ешкім де мін тапшайды.

Ұқышпенен бұл істі,  
 Тындыруға күлшывар.

— Сышыр үйді, бұрышты,  
 Десе авасы, — күл шығар.

Ренжуді ол білмейді,  
 Өзі елгезек, тіл алғыш.  
 Жүзі жарқын, кең пейлі,  
 Естір сөзі кіл алғыс.

### КІТАБЫМДЫ КІРЛЕТПЕЙМІН

Кітапты мен бағалаймын,  
 Ондай досты таба алмаймын.  
 Оқимын да, құрметтеймін,  
 Күтіп ұстап, кірлетпеймін.



## БИДАЙМЫН

Мен бидаймын, бидаймын,  
Күннен қуат жинаймын.  
Сары күзде дәнiмдi  
Адамдарға сыйлаймын.

Алтын масақ дәнiмiн,  
Елдiң қымбат дәнiмiн.

Шуақты өмiр сәнiмiн,  
Әр адамның әнiмiн.

Менде елдiң назары —  
Береке, той, базары.  
Бауырсағым, тоқашым —  
Дастарқанның ажары.

## МҰРАПШЫН

Суға атызын толтырып,  
Бөгесе атам арықты.  
Жнегiнде отырып,  
Мен аулаймын балықты.

Су құлағын қыққа  
Өзiм талай құлаттым.  
Кетпен асқан ныққа,  
Мен де қазiр мұрапшын.

## СУРЕТШІ БОЛАМЫН

Гүлдерiн даланың,  
Күлгенiн баланың,  
Шыршасын таулардың,  
Алшасын баулардың,  
Айнығнай саламын.

Құланды, бұланды,  
Ұларды, қыранды,  
Ұштап ап қаламды,  
Iлезде-ақ саламын,  
Суретшi боламын.

## БҰЛБҰЛ ӘНГЕ ҮЙРЕТТІ

Арайлы таң шағында  
Қомдап қойып қанатын,  
Бұлбұл сайрап бағымда,  
Әсем әнiн салатын.

Көкке биік өрлеген  
Ұқтым бүгiн ән сазын.  
Көмейiн үн кернеген  
Бұлбұл менiң ұстазым.



Елің үшін,  
Жерің үшін  
Батыр болып,  
Батыл болып  
Өсем десең,  
Жанға дауа

Таза ауа  
Еркін сімір,  
Төнге сіңір.  
Өстіп ұлан,  
Нұрға сылан!

## АҚ БАЛЫҚ

Таудан төмен құлаған,  
Мөлдір бұлақ жатты ағып.  
Өрге қарай зулаған,  
Одан көрдім ақ балық.

Үйір-үйір ақ балық,  
Бір бірімен алысып,

Қуғандай бір допты алып,  
Жүзеді ылғи жарысып.

Өрге жүзіп, тасты асқан,  
Балықтың көп үйірі.  
Балалардай достасқан,  
Бітпейді бір жиыны.

## ҚАРЛЫҒАШ

Қарлығаш жасағы  
Ілезде, күн өтпей,  
Кемерге жасады,  
Ұясын жүректей.

Ойдағы балапан,  
Жатса егер ашығып,  
Қарлығаш даладан  
Жем іздер асығып.

Балапан, ұяға,  
Жем тасып алқынып,

Күнде ұшып қияға,  
Бір тынбас шарқ ұрып.

Дос тұтқан адамды,  
Балапан сарыауыз  
Білмей еш аланды,  
Жетілді, қараңыз,

Үлпілдеп жүндері,  
Көбейді шикылы.  
Құбылған үндері  
Құдды бір күй тілі.

## ЖОЛДА

Жолға  
Көктен күлетін  
Күннің салып суретін,  
Жүрт жадында қалса деп:

"Бейбітшілік жаса!" — деп  
Жазыпты ірі әріппен,  
Қайран қалдым көріп мен.

## БАҒДАРШАМ

Жасыл көзі:  
"Жүр!" — дейді.  
Қызыл көзі:  
"Түр!" — дейді.

Сары көзі ескертпеш:  
"Асықпа сен, күр", — дейді.  
Осылайша Бағдаршам,  
Жол көрсетер аңғарсаң.

## НЕ ЖОҚ

Жер бетінен, әлемнен  
Жеті нәрсе таппайсың,  
Оны ойласаң тереңнен,  
Мыналарға тоқтайсың:  
Құста сүт жоқ,  
Жылқыда өт жоқ.

Құмырсақада із жоқ,  
Көлде көпір жоқ,  
Аспанда тіреу жоқ,  
Тауда саты жоқ,  
Таста тамыр жоқ.


## ӘЖЕСІНІҢ ЕРКЕСІ

Жұлып бер деп гүлімді,  
Қылқылдайды сұрайды.  
Ыстық көже тілімді,  
Күйдірді деп жылайды.

Қалтамдағы кәмпитім  
Таусылды деп бүрттияр.  
Бір ісі жоқ мандитын.  
Көзі жаспен жырттияр.

Суық компот тісімді  
Қақсатты деп тулайды.  
— Міне, түбі ісінді, —  
Деп төсекке құлайды.

Су болды деп қолғабын  
Шеше алмай тұрады.  
Міндет егер тоңғанын,  
Сәл қызарса құлағы.



Күнде осылай Тәшеннің  
Қалар бабы табылмай.  
Арқасында әжемнің  
Жүр ғой тауы шағылмай.

Мінезі көп жасаңды,  
Үй ішінде мазасыз.  
Осы Тәшен қашаңғы,  
Жүрер екен жазасыз?!

### "ОҚИ АЛМАЙМЫН"

— Мектепке күзде барасың, —  
Деп сүйді әке баласын.  
— Оқи да, жаза да алмаймын,  
Мектепке биыл бармаймын, —  
Деді де Мұрат қиналып,  
Ойынға кетті жиналып.

### "ПАЛУАН"

Көрмеген жеңіп теңдесін,  
Үлкеннен Бекен ығады.  
Күрессе керіп кеудесін,  
Інісін оңай жығады.

### ЖЫЛАП ОТЫР ЕНДІ ӨЗІ

Інісін Бекен құлатты,  
Жанарын жасқа бұлатты.  
Кешкісін оны ұрмай-ақ,  
Кішкене пияз жылатты.

Үш-үлкен болып ұялмай,  
Көзінің жасын тия алмай  
Жылады, бәлем, енді өзі,  
Ешкімнен ешбір дүре алмай.





## КЕШЕ ЖУҒАМ БЕТІМДІ

Зейнеп кіші інісіне:

— Бар, жуып, — деп өтінді.

Деді ол:

— Қинайсың несіне,  
Кеше жуғам бетімді.

## ЖОРАМАЛ

Асан:

— Оқимын деп сабақты,  
Басым қатты тақпадай.

Досан:

— Құйып алып табаққа  
Мүмкін, жібір жақса май.

## "ТӘТТІМІН"

— Балдайсың ғой демес ем,  
Сүйсем болды қашанда,  
Тәп-тәттісің неге сен? —  
Деді әжем Асанға.

— Жақсы көрем кәмпитті,  
Жеуге де ашып ептімін, —  
Деп ол ұртын томшитты, —  
Содан мүмкін тәттімін.

## "КӨРІП ТҮРМЫН ӨЗІМДІ"

Өзінше бір айнаға,  
Қарап тұрған Жайнаға:  
- Сонша неге қарадың? —  
Деді анасы Айбала.

— Қарағам жоқ айнаға, —  
Деді Жайна ойлана, —  
Көріп тұрмын өзімді,  
Айна алдында жай ғана.





## МОЙЫНДАУ

Ерке оскен Демесін  
Көп мазалап әжесін  
Отыр еді,  
Бір кезде  
Төгіп алды көжесін.

— Ұрыспа, әже, ұрыспа,  
Қабак шытып, тырыспа.  
Кінәлімін мен өзім, —  
Деп тұрды ол бұрышқа.

## КӨЛЕҢКЕ

Шақырайған төбем күн,  
Көшеменен келем кең.  
Қалмайды бір кідіріп,  
Сонда дағы көлеңкем.

Егер жатсам шағылға,  
Ол да құмар дамылға.

Қимылымды қайталап,  
Дейді маған: — "Жапылма!"

Жеңем дей ме күресіп,  
Кейде тұрар тіресіп.  
Бұлтты күні ол бірақ,  
Жүре алмайды ілесіп.

## ДИАЛОГТАР

Әкесі:

— Итпен ауыз жаласып,  
Наңды жейсің таласып,  
Дұрыс па осы, қарағым?

Баласы:

— Итті өзім дос көрем,  
Наңды сатпай бос берем,  
Аш қылмаймын тамағың.


\* \* \*

Баласы:

— Аспан жаңа жылап еді,  
Қарашы енді тынық тұр,  
Тепіздей неге тұнық бұл.

Әкесі:

— Жер-ана сусын сұрап  
еді,  
Қапғанын шөлі біліп тұр,  
Содан соң күн де күліп тұр.

- 
- Күшік неге үреді?
  - Сөйлескені адаммен.
  - Жолда неге жүреді?
  - Күт дегенмін оған мен.

\* \* \*

**Мұғалім:**

— Шақырғанды есіттің,  
Мұнша неге кешіктің,  
Әлденеге кезіктің?

**Мұғалім:**

— Келісейік оған да,  
Әзір тұрса азында,  
Тәбет бар ма тағамға?

**Оқушы:**

— Сөйлемейін есіп тым,  
Кілтін таппай есіктің.  
Сосын, ағай, кешіктім.

**Оқушы:**

— Онда ұшар ем доптай-ақ,  
Кілтті іздеп таппай-ақ,  
Есікті де жаппай-ақ.

\* \* \*

- Кейде лақпен сүзісіп,  
Неге ойнайсың оңаша?
- Тұрса денең құрысып,  
Ол жаттығу тамаша.

\* \* \*

- Итің сенің қаншада?
- Бес жас үлкен ол менен.
- Кішісің бе соншама?
- Солай дейді ел деген,  
Мен туғанда, ал сана,  
Өмірге ол келмеген.

## КӘМПИТ ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?

— Кәмпит қайдан шығады?  
Деп Қайыржан куланып  
Інісінен сұрады.

— Ол шкафтан шығады,  
Бірақ бізден ұрланып,  
Апам кілтін тығады, —

Деді ол, — бүгін кілтті  
Тастапты үстел үстіне,  
Апам мүмкін ұмытты,  
Кілтті ұстап қолына,  
Тұрды екеуі ойланып,  
Келгендей іс оқына.

## ОЛАҚ

Егер қақса шегені  
Қолын ұрып алады.  
Жөндеп ішпей көжені,  
Төгіліп те қалады.

Отын бұтап, жарса егер,  
Балта сабы сынады.  
Қудықтан су тартса егер,  
Түгел төгіп тынады.

Ұшпа десен қарындаш,  
Қалдырмайды түгінде.  
Суреттері сарындас,  
Ұқсатпайды бірінде.

Ешбір іске, болбырап,  
Икемі жоқ шалағай.  
Басың төмен салбырап  
Жүресің бе, балақай?

## КЕШІП ЕДІ ШАЛШЫҚТЫ

Төкен кешіп шалшықты,  
Айдап жүр қою балшықты.  
Суды лайсаң қақ жарып,  
Арлы-берлі сан шықты.

Салды дерсің бұлғаңды,  
Әбден үсті былғаңды.

Шалбар, көйлек малмандай  
Кешкісі де ылғал-ды.

Шайқатылып күлап тұр,  
Суыққа эзер шыдап тұр.  
Етігін қою батпақтан  
Суыра алмай жылап тұр.

## СЫЙМАЙ ҚАЛДЫ ЕТІГІ

Шаң болды деп етігін  
Асан жуды сабынмен,  
Жайып қойды екі күн:  
— "Кешің, — деді, —  
бабымен".

Қатқан етік бүрісіп,  
Асанды әбден қиғады.  
Күшенсе де тырысып,  
Аяғына симады.

## КЕТІК ТІС

— Неге кетік тістерің? —  
Дегенде, Асан  
Не істерің  
Білмей қалып, бір састы,  
Сосын барып сыр ашты:


— Кәмшит мүжіп тісімді,  
Ұртымды да ісірді.  
Тәттілерге тойдым көп,  
Сонда-дағы қойғым жоқ. . .

Шіркіп, кәмшит тәтті ғой,  
Әттеп, тіске қатты ғой.

## КЕУДЕНІ ҚҰР КЕРІПТІ

— Ойнауға сен шығасың  
ба?  
— Шығамып.  
— Күрескенді жығасың ба?  
— Жығамын.  
— Асық ойнай білесің бе?  
— Білемін.  
— Дәу сақанды тігесің бе?  
— Тігемін.  
— Келістік қой, Қалабек.  
— Келістік.  
— Онда бар ғой, бала көп,  
Асығынды тегіс тік, —  
Деп шықты Асан ойыңға.  
Біз Қалабек жайында.  
Білмеуші едік расында.

Бүгін кез боп осында,  
Ойлап едік басында,  
Өзінше бір шамалы,  
Бар шығар деп амалы.  
Өйткені оны ел білетін,  
Кеуде керіп жүретін.  
Сөзді желдей есетін,  
Кейде тіпті босетін. . .  
Дөкей — "доспен"  
шошымай,  
Біз жолықтық осылай.  
Өзара күш сынастық,  
Сөйтіп біздер сыр аштық.  
Күресті де ол жығылды,  
Содан кейін тығылды.  
Ойнамады асықты,



Кетемін деп асықты,  
Ұтылам деп қорықты,  
Қапаланып торықты,  
Бар денесі болбырап,  
Мойны кетті салбырап.  
Сөйтсек оның бос екен,

Мақтанменен "дос" екен.  
Шықпайтұғын еш серттен,  
Шұғылданбай спортпен,  
Болбыр өскен бала екен,  
Ісі де оның шала екен.

\* \* \*

Өзіңе өзің сенбесен,  
Күш көрсетпе елге сен.  
Көп езеурей бермегің,  
Кеудені күр кермегің.

## ОЙЫНПАЗ

Асап біздің салақ тым,  
Оқымайды сабақты.  
Керек десен, ішпейді  
Мезгілімен тамақты.

Ойынға алған құнығың,  
Жүрген ол жоқ мұны ұғың.  
Күні бойы бір сәтке  
Дем алмайды-ау тынығың.

Әже тілін алмайды,  
Магазинге бармайды.  
Өтірікті жырдай ғып,  
Сылтау тауып алдайды.

Ақыл қашан қонады,  
Қашан ісі оңады.  
Босқа жүрсе далақтап,  
Қайтіп адам болады?

## ТАНАБАЙ

Танабай-ау, Танабай,  
Болсаңдағы сомадай,  
Кір-қожалақ жүресің,  
Өзіңе-өзің қарамай.

Ісің түгел шалағай,  
Қаламды ұстап солақай,  
Дәптерді де былғадың,  
Атаңды сен олақ-ай.

Шашгаразға бара алмай,  
Шашты жүрсің тарамай.  
Бүйте берсең шошынып,  
Досың кетер қарамай.

Әй, Танабай, Танабай,  
Сендей жалқау болама-ай!

Қалама деп қорқамыз,  
Бірге ойнауға жарамай.

Ширамаса Танабай,  
Шынықпаған баладай.  
Қурап кеткен қоғалай,  
Қауқнып күр қалама-ай!

## ЕРІНШЕК

— Тұрсаңшы, қалдың ғой  
сабақтан.

— Қазір.  
— Шөп орып әкелші  
қабақтан.

— Қазір.  
— Бақшаға су тасы  
арықтан.

— Қазір.  
— Қойларды ағытшы  
қырыққан.

— Қазір.  
— Жел ашты, жапшы тез  
есікті.

— Қазір.

— Тербетші бөгенді —  
бесікті.

— Қазір.  
— Сыра сал пештегі  
отынды.

— Қазір, — деп былқ  
етпей отырды.  
Бәрің де істеп жүр

анасы,  
"Қазір" деп әлі отыр  
баласы.

— Не деген сен айтар қазір  
көп,  
Тұрасың сен қашан әзір боп?

## ӘЙ, ӘЙ, ЖАЛБЫР-АЙ

Пимамен кешіп батпақты,  
Үстің де әбден сатпақты.  
Тоңысың өзін бүрсеңдеп,  
Жерсің-ау бүгін тоқпақты.  
Әй, әй, Жалбыр-ай.

Көнбейсің айтқан ақылға,  
Шыбықты мінші тақымға,  
Жүресің белден шаң кешіп,  
Шығасың кейде шатырға.  
Әй, әй, Жалбыр-ай.

Атандың бала қауішті,  
Кетесің қуып тауықты.  
Жұлмаң шығып жүрген соң,  
Иттер де саған жауықты.  
Әй, әй, Жалбыр-ай.

Қашанғы өстіп жүресің,  
Кіре ме сенің бір есің.  
Баладай түкті ұқпайтын,  
Несіне мәз боп күлесің.  
Әй, әй, Жалбыр-ай.

## МАЗАСЫЗ

Айбек үйде мазасыз,  
Көрсен оны қашасыз.  
Айтқанға бір көнбейді,  
Өзіне ақыл енбейді.  
Керек етпей бәрін де,  
Аунап үйдің төрінде.  
Даңғойланып есіріп,  
Екі аяғын көсіліп,  
Есек болып ақырып,  
Әтешпін деп шақырып,  
Қос танауы пысылдап,  
Сұр жыландай ысылдап,

Суыр құсап шақылдап,  
Құрбақадай бақылдап,  
Дәу шыбындай ызындап,  
Отырғаны қызық-ақ.  
Күнде осылай ойнайды,  
Қой дегенге қоймайды.  
Жұмсасаң бір баспайды,  
Жұмған аузын ашпайды.  
Достарына қосылмай,  
Тентектігі басылмай,  
Бұл қашанғы жүреді,  
Қашан ақыл кіреді?

## ШОҢАЙНА

— Қайда болдың, туысқан?  
— Тоғайда.  
— Үстіңе не жабысқан?  
— Шоңайна.  
— Неге алмайсың тазалап?  
— Алайда.  
Жүрсе-дағы мазалап,  
Оңайға  
Түспей түр-ау жұлғаны.  
— Қалайда,  
Алу керек, жұл, кәне.  
— Сорай ма,

Көп екен тым тікені.  
— Солай ма?  
— Өзі түсіп бітеді.  
Алайда,  
Осынды жұрт қалай ма?  
Үсті-басың шоңайна,  
Саған досың жолай ма?  
— ?  
Ақан қасып желкесін,  
Төмен иді өр төсін.  
Салақтығын түсініп,  
Терлеп тұрды қысылып.

\* \* \*

Бір жабысса шоңайна,  
Жұлу түспес оңайға.

## ЖАҢЫЛТПАШТАР

Жаңылмай жаңылтпаш айтқышты  
Жаңылтпай жаңылтпаш айтқызшы.  
Жаңылмай айта алар ма екен,  
Әлде жаңылып, қайталар ма екен?

\* \* \*

Он ақ бас қара баспақ,  
Алты сары ала баспақ,  
Мүйізі тарбақ  
Тоғыз тарғыл торпақ  
Аралға қарай өрді,  
Ақ қасқа бұқа бастақ.

\* \* \*

Аталар,  
Әжелер,  
Ағалар,  
Әпкелер,  
Апалар,  
Балалар —  
Әр әулетте  
Бар олар.

\* \* \*

Алқаптарда қатпар-қатпар,  
Қаптап тұрар қарақат бар.

\* \* \*

Ақ киізде көк мүйіз,  
Көк киізде ақ мүйіз,  
Шашылып қапты көп мүйіз.  
Ақ киіздегі көк мүйізді де,  
Көк киіздегі ақ мүйізді де,  
Шашылған көп мүйізді де  
жигыз.

Ақ мүйізді  
Көк мүйізге кигіз,  
Көк мүйізді  
Ақ мүйізге кигіз.

\* \* \*

Ауыл қасында арал бар,  
Аралда марал бар.  
Марал бар аралға  
Бара аласың ба,  
Маралды аулай аласың ба?

\* \* \*

Қара қарға,  
Ала қарға  
Аппақ қарға,  
Қонып отыр.

Қара қарға,  
Ала қарға  
Аппақ қарда  
Тоңып отыр.

\* \* \*

Ашаң Асан  
аса ашқарак,  
Асадалды  
Аша алмайтын сасқалақ.



Абалақ-сабалақ  
саққулақты,  
Арлы-берлі абалатып,  
шапқылаттық.

\* \* \*

Аспандағы тайғанақ,  
Шыщылтыр мұзға тайғанап,  
Адасып қапты ай ғана-ақ.

\* \* \*

Айдар қой айдар,  
Қой қайтар, Қойайдар.

\* \* \*

Ауыр шапан алша түкті,  
Шалдарды шаршатышты.  
Шапан киген шалдар да,  
Шарлапты барша бүкті.

\* \* \*

Алтын шақ —  
Жастық шақ.  
Жастық шақ —  
Жарқын шақ.

\* \* \*

Ақбала көк дошты  
Қақпаға дөп соқты.  
Ақбала,  
Қақпаға  
Көк дошты,  
Қайталап  
Қақнала.

Ақ шапақты  
Живалық  
Ақ масақты.

\* \* \*

— Ақсақал!  
Жол сапар  
Шеккен кім шалғайға?  
— Шалғайға  
Жол сапар  
Шеккен шал  
Ақсақал Шалбай да.

\* \* \*


Ашпақ тақырдағы ақ қақты  
Сусыраған ақ ат тапты.  
Сусыраған ақ ат шапты,  
Көре сан жалтыр ақ қақты

\* \* \*

Ашушаң Аусар шампыл-ақ  
Жанарын жасқа алар сан  
шылап  
Жылағып басқа бір балаға  
Ал бірақ, ол шырақ  
таңшыл-ақ

\* \* \*

Ақ сақамды нiрiш ем,  
Шiге түстi.  
Көк сақамды нiрiш ем,  
Бүге түстi.  
Ақ сақам нiгешiл,  
Көк сақам бүгешiл.



\* \* \*

Аласа алма ағаш  
Алмасын алу оңай  
Тамаша ағаш.

\* \* \*

Асхат жамапты-жасқапты,  
Жасапты ақ сапты  
асшапты.

\* \* \*

Атыңды ұмытқырап  
қалыпшың,  
Ұмытқырамасам атыңа  
қапықшың.

\* \* \*

Ақпан, Тоқпан  
Сақтап тоқтан.  
Қаштап жатқан  
Гүл тер бақтан.

\* \* \*

Ашам алқа таққанда,  
Атама  
Оқалы шапан жапқан ба?

\* \* \*

Ат жарыс —  
Бақ жарыс.  
Сыналар ар-намыс.

\* \* \*

Ала басты  
Бел ағашты  
Ала салып,  
Бала қапты.

\* \* \*

Алақайлап,  
Қақпайлап  
Ақ тайлак  
Мінген балақай,  
Шаппай-ақ аттан  
Шатқаяқтап,  
Ұшып түсті,  
Доптай-ақ.

\* \* \*

Әшпақ қанат шағалалар  
Шалқарды ұшар жаппап  
олар.  
Қанатымен су сабалап,  
Жаға аралар, саға аралар  
Сақ аралар, шабақ алар.

\* \* \*

Әшпақ түс,  
Әшпақ қыс  
Шақшиған  
Сәулеге шағылысты,  
Әшпақ тыс,  
Әшпақ қыс  
Шақшиған  
Сәулені тағы күшты.

\* \* \*

Әжем апамнан  
қажырлылырақ,  
Апам әжемнен  
ажарлылырақ.  
Бөпем сенен сабырлылырақ,  
Сенен бөпем алғырлылырақ.

\* \* \*

Әшпақ қағаз ақ па,  
Қар ақ па?  
Қағаз да қардай әшпақ,  
Қар да қағаздай әшпақ.

\* \* \*

Әдішті ызышсыз,  
Жішті үзішсіз.  
Әдішсіз-ақ ызаңызшы,  
Жішті сіз-ақ ұстаңызшы.

\* \* \*

Бар қамыс —  
Нар қамыс.

\* \* \*

Барша шырша — жасыл  
шырша  
Жасыл шырша — асыл  
шырша.

\* \* \*

Бірегей түсті  
Шүрегей ұшты.  
Шүрегей ұшты,  
Бірегей түсті.

\* \* \*

Балашағым —  
Шала шағым.  
Дана шағым —  
Болашағым.

\* \* \*

Бала-шаға  
Алашаға таласа ма?  
Алаша  
Бала-шағаға жараса ма?

\* \* \*

Белгісі белгісіз  
Болса бір кісінің.  
Белгісі белгісізі,  
Болар бергісінің.

\* \* \*

Буырлылырақ буралар  
буындырақ,  
Буындырақ буралар  
буырлылырақ.

\* \* \*

Бәрекелді,  
Ара келді,  
Бал әкелді —  
Дәрі әкелді.  
Адамдарға  
Әл әкелді,  
Бәрекелді!

Бұрысты бұрыс де,  
Дұрысты дұрыс де.

\* \* \*

Бұлақ шашса моншақтар,  
Қол соғады қоршап тал.

\* \* \*

Бөдене  
Көрсетем деп өнеге  
Төбеге қойып тегене,  
Мінбекші кемердегі кемеге.  
Тегештегі немене,  
Төге ме?

\* \* \*

Бар ара —  
Бал ара.

\* \* \*

Бал да,  
Нан да  
Тамда.  
Бал да бар,  
Нан да бар  
Тамға бар.

\* \* \*

Тал бесік —  
Бал бесік,  
Бар бөбек боленіп,  
Өсетін әнді естіп.

\* \* \*

Гүл ұстаған уысына  
Шіл қонды қыл ұшына.  
Шекірейіп, шіреніп,  
Таңғалыстық тұрысына.

\* \* \*

Жүзінші жүзімші,  
Жүзбе жүз  
Жүзімді үзсіңші.

\* \* \*

Жазда  
Қазға  
Қажеті —  
Қазоты.

\* \* \*

Жаңғақ қақсаң, қақ,  
Қапқа сап, шапшаң қақ,  
Жаңғақ шақсаң, шақ,  
Шаққышпен шапшаң шақ.  
Дәмдісің,  
Дәндісің  
Таңдап шақ.

\* \* \*

Жылқыбай  
Жылқыны тағаласады.  
Шылқымай  
Жылқы  
Жұлқысып жағаласады.

\* \* \*

Жалғыз қарбызды  
Балқыз жарғызды.  
Жүртқа жағалай,  
Дәм-түз алғызды.

\* \* \*

Жырақта кіл,  
Жыр ақтарған,  
Бұлақ па бұл?  
Бірақ та біл.

\* \* \*

Жұғысқышпен жұғыс.  
Шығысқышпен шығыс,  
Ұғысқышпен ұғыс.

\* \* \*

Жасыл арша  
Жасыл ма, асыл ма?  
Жасыл алша  
Жасыл ма, асыл ма.  
Арша да жасыл әрі асыл,  
Алша да жасыл әрі асыл.

\* \* \*

Жыршы күс —  
Ыршып үш!

\* \* \*

Жалау алау ма,  
Алау жалау ма?  
Жалау алауға үқсас,  
Алау жалауға үқсас.

\* \* \*

Жез түстес үзік-үзік,  
Зер жіппен ақ үзікті  
Өрнектеп жүзік тізіп,  
Әдемі етіп ызыпты.

\* \* \*

Жалқын сары  
Шарды бәрі  
Үрлеп жарды.

\* \* \*

Жүз тегене күмістеген  
Күздемеден іздеген ек,  
Күздемеден біз іздеген  
Жүз тегенені  
Кім күмістеген?

\* \* \*

Жеңшен шалдарға өңшен,  
Берсең бер сексен сеңсен.  
Бөлсең бөл тең сен,  
Берсең бер сен сеңсен.

\* \* \*

— Жүз кісінің ішіндегі  
Жүзгіші сенсің бе?  
Суға түскіші сенсің бе?  
Су ішкіші сенсің бе?

— Жүз кісінің ішіндегі  
Жүзгішісі де,  
Суға түскішісі де,  
Су ішкішісі де сен.

\* \* \*

Жаксы ат  
Қалыпты  
Ақсап,  
Гапсақ,  
Май жақсақ,  
Баптап бақсақ,  
Болмай ма,  
Жаксы-ақ.

\* \* \*

Жаксы атты —  
Сақшы апты.

\* \* \*

Жеті түлкі  
Бір кірпіні  
Жеңе алмай,  
Келтірді күлкіні.

\* \* \*

— Кіл алғыс  
Кім алғыш?  
— Тыл алғыш.

Күміс дән күріш  
Өсірген Құрыш,  
Жынауға ырысты,  
Бірінші кірісті.

\* \* \*

Кішкене күшігім,  
Сүт ішкіш.  
Ал, інім, күшігің  
Сүт беріш, күтіскіш.

\* \* \*

Кесем толы балқаймақ,  
Жесең оны балдай нақ.  
Балқаймақ  
Балдай нақ.  
Дәмін тат,  
Таңдай қақ.

\* \* \*

Күндіз біз  
Көрінбес  
Жұлдызбыз,  
Сансызбыз,  
Үнсізбіз,  
Мың-мыңдап  
Жымындап  
Тұрсақ та,  
Жансызбыз.

\* \* \*

Күл көп екен пеш көмейінде,  
Көсейінші десеңдер,  
Бесеуіңе бес көсеу  
берейін де.

Кісіге үйірімді,  
Кішілер үйірілді.

\* \* \*

Көктемде көк шығар,  
Деп-демде көп шығар.

\* \* \*

Көк майса шалғынға  
Шалғы салсаң шықта,  
Жалт-жулт етер шалғың да.

\* \* \*

Көктемде көк төбедең  
Шөп көрмейсің көктемеген.

\* \* \*

Кім кешті білдің бе,  
Ілгекті ілдің бе?

\* \* \*

Көк текесі не,  
Ақ текесі не,  
Бекерден бекер егесіне,  
Көгі не, ағы не,  
Текесі теке емес пе.

\* \* \*

Көсе көрші көсеумен,  
Қозды көсіп көсесе  
көсесінші,  
Төсенішсіз төсекке  
төсеуішті  
Төсесе төсесінші.

\* \* \*

Күншіл көкек,  
Кіл шілді кекеп,  
Көмейін кенеп,  
Дүр сілкінді:  
— Мев секілді,  
Әншіге кекілді.  
Кезек бер, — деп  
Кіл шілді кекеп,  
Күлді төпеп.

\* \* \*

Күнде мев  
Түнде кем  
Кешіксем,  
Үвде мев.

\* \* \*

Көк допты теп,  
Тек дәлдеп  
Дөп теп.  
Түссін торға  
Доп топ деп.

\* \* \*

Көк көбелек үқсайды,  
Көкшіл гүлге көбірек,  
Ақ көбелек үқсайды,  
Ақшыл гүлге көбірек.  
Көк көбелек көкшіл  
гүлдей,  
Ақ көбелек ақшыл гүлдей.

\* \* \*

Көк шөп шаптым,  
Көп шөп шаптым.  
Көк шөп те көп,  
Көп шөп те көк.

\* \* \*

Қыс күсты қысты,  
Құс қыстан сұсты  
Қорқып,  
Зәре-күты ұшты.

\* \* \*

Қырқадағы қырық арқар,  
Қырқы-дағы қарт арқар.  
Арқадағы алты арқар,  
Алты арқар да марка  
арқар,

Қарт арқар, марка арқар,  
Алғы арқар — қарт арқар,  
Артқы арқар — марка  
арқар.

\* \* \*

Қарашы,  
Таңғы салқында,  
Қара шалғынға  
Қара шалғы салған,  
Қара шалға.

\* \* \*

Құс ұясын шебер  
ізвестірмей,  
Істепсіндер  
сәйкессіздендірмей,

Тез ісмер шебер  
ізвестірсеңдерші?

\* \* \*

Қақылдаған қоңыр қаз,  
Қақшаң-қақшаң етеді.  
Шақылдағыш қоңыр қаз.  
Ақшаң-ақшаң етеді.

\* \* \*

Қара қарға,  
Ала қарға  
Қонып отыр  
Жаға талға.

\* \* \*

Қалтандап,  
Балшандап  
Қарғалар  
Алданар  
Аланды  
Андап ал.  
Андап ал да,  
Таңдап ал,  
Қарғалар  
Алданар да  
Таңданар.

\* \* \*

Қарға балға құмар ма,  
Қарға жарға құмар ма?  
Қарға балға да құмар-ақ,  
Қарға жарға да  
құмар-ақ.





\* \* \*

Қара канат жағалтай,  
Шындығында  
жағалма-ай,  
Жағалдапты үсті-басын,  
Жөндеп бояу жаға алмай.

\* \* \*

Қара қой қанша,  
Ала қой қанша?  
Шықсаңшы, саясаңшы,  
Қарадай шаршамай,  
Шаруаға қарасаңшы.

\* \* \*

Құнан құла атты,  
Қуат та ұнатты.

\* \* \*

Қышты қысқышпен  
қысшы,  
Қысқышты қышпен  
ысшы.

\* \* \*

Құрыш қылыш —  
Дұрыс қылыш.

\* \* \*

Қобыратқан қоқысты  
Қос қораз шоқысты.

\* \* \*

Сарқырама сарқырап  
ағады,  
Құлама су арқырап  
ағады.

Бұлақ жалтырап ағады,  
Сарқыраған сарқырама  
да,

Арқыраған бұлақ та,  
Ағып барып танапқа,  
Әр береді алқапқа.

\* \* \*

Сыншылар сынап  
шымшылар,  
Шымшылар шын-ақ  
сыншылар.  
Шымырлатып  
шымбайыңды,  
Шымшылағыш  
сыншылар,  
Шын сынаса, кім  
шыдар?

\* \* \*

Сомадай Шалабай,  
Күреске Шалағай,  
Жығылар ол оңай,  
Аяқтан шала алмай,  
Шалағай Шалабай,  
Тыныш жүр  
Күштіге жоламай.

Сүр жирен кұлыншақ,  
Сүріншек, ұрыншақ.  
Ұрыншақ кұлыншақ,  
Шапты әне кұйын сап.

\* \* \*

Сүр ит — ұры ит,  
Ұры ит — сүр ит.

\* \* \*

Сұрақшылдар  
Сұрақ сұрап сынасар,  
Сынасар да сыр ашар.

\* \* \*

Сынға түсер шымыр нақ,  
Шыңға шығар зымырап,  
Шыныққан-ау

шымыр-ақ.

\* \* \*

Сары күшік күр шәуілдек,  
Шолтандап жүр шәуілдеп.

\* \* \*

Сүзгішті сүзгіштірші,  
Жүзгішті жүзгіштірші.

\* \* \*

Сүксүр үйрек сүп-сүр ма?  
Сүп-сүр үйрек сүксүр ма?

\* \* \*

Сансыз шыбық шаншыса,  
Сен де шығып  
шаншысы.

\* \* \*

Сандықты ашышы,  
Ішіндегісің тасышы,  
Тойға шапу шашышы

\* \* \*

Сөз айтсаң жаңсаққа,  
Жүгіртер сан-саққа.

\* \* \*

Сызғышсыз сызышсыз,  
Бұзышсыз сыйықсыз,  
Шығышты қызықсыз.

\* \* \*

Сүңқар көкке іңкәр,  
Көк те бекке іңкәр.

\* \* \*

Суретті сүр түсті,  
Суретші сүртісті.

\* \* \*

Сары ала аралар,  
Сары ала гүлді аралар,  
Қара ала аралар,  
Қара ала гүлді аралар.  
Барлығы да таба алар  
Гүлдерді бал алар.  
Аралар да қадалар,  
Бал алар да оралар.

\* \* \*

Сегіз серке —  
Егіз ерке.  
Секіргіші —  
Семіз серке.

\* \* \*

Сәмбі тал —  
Иліп тұрар  
Сәнді тал.

\* \* \*

Сүксүр үйрек сүңгігіш пе?  
Сүп-сүр үйрек  
                                сүңгігіш пе?

\* \* \*

Сур мысык  
Тырмысып,  
Сырыққа  
Бір шықты,  
Бір түсіп.

\* \* \*

Сексен сегіз сәбіді,  
Күнде өгізге жегізді.  
Күнде сексен сегіз сәбіз  
Жеген өгіз семіз.

\* \* \*

Шаңырақшы шал —  
Шапағатты шал.

\* \* \*

Шегіншек құлыншақ —  
                                тебіншек,  
Тебіншек құлыншақ —  
                                шегіншек.

\* \* \*

Шоқ-шоқ гүл шоғыры  
Ақ нұрға шағылып,  
Шыққа түр шомылып.

\* \* \*

Шықса шыңға  
Шыршалар шанышылып,  
Шүпірлеп шығыпты,  
Сайға сан шыбық.

\* \* \*

Шақпақ тасты,  
Әшпақ тасты  
Шақпақты шал  
Шағып, шашты.

\* \* \*

Шақшалы шал бақ  
                                шарлар,  
Ақ шашты шал бақша  
                                орлар.

\* \* \*

Шекілдеуікті шаққыптар  
                                шақсыншы,  
Шөпшекті жаққыптар  
                                жақсыншы.

\* \* \*

Шырша сышырғыптың  
Ұшы тырпылсыншы.  
Барша сышырғыптың  
Ұшы қырқылсыншы.

\* \* \*

Шатақ Шанжар  
                                шақар-ақ,  
Шадыр Санжар  
                                шатақ-ақ.

\* \* \*

— Шеше,  
Кеше  
Неше шөже  
Су ішті?  
— Шеше,  
Кеше  
Неше кіші  
Шөже ұшты?

\* \* \*

— Шамша,  
болса  
алша  
ала салшы.  
— Шамша  
болса  
қанша  
алша ала салсын?

\* \* \*

— Шеше, кеше  
Неше кесе  
Шай іштіңіз?

\* \* \*

Шелекке шеңгелдеп  
Қып-қызыл шие салдым.  
Шеңгелдеп қып-қызыл  
Шие салған шелекті  
Терекке іле салдым.

\* \* \*

Шапыраш Жорап шыли  
қыли,  
Көзің қара қылы қыли.

\* \* \*

Шағаш шағыстырғыш,  
Қағаш қағыстырғыш,  
Жағас жағыстырғыш,  
Шағыстырғыш Шағаш  
жанға жақпайды,  
Қағыстырғыш Қағаш  
қашанда қақпайлы,  
Жағыстырғыш Жағашты  
жұрт мақтайды.

\* \* \*

Шашақталған шақшасы  
бар,  
Шақар шалдың бақшасы  
бар.

\* \* \*

Ойлы ойлаттырды,  
Түңғиыққа бойлаттырды,  
Сөйтін ойға баттырды.

\* \* \*

Нұрақ  
Бақбақ  
Жұлмақ боп,  
Жазықта  
Жырақта  
Сөйлеп жүр  
Жұмбақтап.  
Не дейді ол,  
Бірақ тап?

\* \* \*

Нүрға,  
Жырға,  
Сырға  
Толы  
Қырға кыдырайықшы.  
Нұрын күшып,  
Жырын жырлап,  
Сырын ұғып,  
Қырда бір тынығайықшы.

\* \* \*

Шыршы — шырша  
шырайы,  
Шырша — шыңның  
шұрайы.

\* \* \*

Шыжыған ыстыққа  
шыдамды,  
Шырыш төп тек төлге  
шығады.

\* \* \*

Шырмалғыш шырмауық,  
Шүпірлеп шығышты,  
Сугарылмай бірауық  
Шытырлап сынышты.

\* \* \*

Шикі сары шіңгірлеп,  
Шіңкілдейді мінгірлеп.  
Шіренеді шәлтиіп,  
Шімірікпей шүлдірлеп.

\* \* \*

Шыңнан шыққан  
бұлақтың,  
Суы мөлдір шыныдай.  
Сақ-сақ күліп жырақтан,  
Шөлге жетер жылымай.

\* \* \*

Шық шуақпен жіпсіп,  
Шалғын үсті мөлдіреген  
Шыланды суга шып-шып.

\* \* \*

Үсен үш аша шөпті,  
Шұқырға түс аса төкті.

\* \* \*

Шалғынды шалғымен  
Шапсаң шапшаң шап.  
Шаршамай салқынмен,  
Шапшаңдап шапсаң шап.

\* \* \*

Шыңдалған ашаның  
Үшы үшкір ме?  
Аша  
Үшы  
Аса үшкір болмаса,  
Үшкірле, бол жаса.

\* \* \*

Ғарыштың  
Сырын аштық бірінші,  
Таныстың  
Бәрінен  
Сұрандаршы сүйінші!

\* \* \*

Шалғыны хош ністі  
Алқапта қос дос түйісті.  
Қос дос сағынысқан,  
Құшақтасып сүйісті.

\* \* \*

Төңкерген табақтай,  
Төніш қапты қабаққа ай,  
Су бетінде шоршиды,  
Шүпірлеген шабақтай.

\* \* \*

Шүрегей сүңгііш пе,  
Сүңгіру сүңгііш пе.  
Шүрегей сүңгііш емес,  
жүзгіш,  
Сүңгіру жүзгіш емес,  
сүңгііш.

\* \* \*

Шұнақ күлак ақ лақ,  
Ырғыш тұрған "арғымақ".  
Өрден, ордан,  
Одан зордан  
Жүргені қарғыш-ақ,  
"Арғымақ" ақ лақ.

\* \* \*

Шұбар шалбар  
Сардар шалда,  
Пышақ шарлар  
Шар бар.

\* \* \*

Торғайды кім қорғайды,  
Торғайды торғай  
қорғайды.

\* \* \*

Пысық мысық  
Көзін қысып,  
Іші пысып,  
Ұйқы басып,  
Қарны ашып,  
Тісі қышып,  
Ойына отыр  
Тышқан түсіп.

\* \* \*

Есікке тесікті  
Тескішпен тез тескізші.  
Тескішпен тескізсең есікті,  
Оған өткізер жіп ескізші.

\* \* \*

Шыны сынығы,  
Шұғылаға шағылысып,  
Шашырайды  
Шытынап сағы сынып.

\* \* \*

Зергер жездем  
Соқты жезден —  
Қырық қысқыш,  
Үш ыс ысқыш.

\* \* \*

Өйткізші-бүйткізші  
демей-ақ,  
Үйректі үйткізші.

\* \* \*

Үстінгі үйінді,  
Үтіктеші киімді.

\* \* \*

Үймелесіп үстелді,  
Үш жүз кісі түстенді.

\* \* \*

Ысқаяк  
Шалдың ұстағаны —  
Мыс таяқ.

\* \* \*

Ысшы,  
Күйелеш  
Ыс ыдысты ысшы.  
Месті ысқа ұсташы,  
Сары мейіздей ғыш  
ысташы.

\* \* \*

Шайы шапанды шал —  
Шайшыл шал.  
Сары шапанды шал —  
Ойшыл шал.

\* \* \*

Орманға барғанда,  
Жүзпар нисі жусанның  
Анқып тұрды бар маңда,  
Ол маңға  
барғанда,  
Бармағанда арманда.

\* \* \*

Шашшы, шашты  
шашпасаңшы,  
Шырпылған шашты  
Шашсыз шашса да  
Сен шашып баспасаңшы.

\* \* \*

Оңқай асық оңтайлы,  
Оңтай ұтты он ұпайды.

\* \* \*

Орал ағаш аралағанда,  
Марал арал аралады.  
Орал арал аралағанда,  
Марал ағаш аралады.

\* \* \*

Он қойшы қайшымен  
Қой қырықты.  
Қайсысы қанша  
Қой қырықты?

\* \* \*

Үш жүз үскі бізді,  
Істіл іскер тез-ақ,  
Үстел үстіне тізді.

\* \* \*

Шөпші шөмелеге шөп  
үйді,  
Шөбі кеуіп неменеге  
шөмпиді?

\* \* \*





Он орақты,  
Он орапты  
Ора алмайтын орақты,  
Сол-ақ олақ,  
Ол нақ салақ.

\* \* \*

Еңісті жер —  
Жемісті жер.  
Сенбесең сен,  
Кеңістік те өр,  
Жайкала өскен  
Егісті көр,  
Жемісті тер!

\* \* \*

Тысы тым көрікті,  
Үкілі үш бөрікті  
Үлестір деп берішті.

\* \* \*

— Тау жақта  
Бау жоқ па?  
— Тау жақта бау бар,  
Бау жақта тау бар.

\* \* \*

Тысқа шықшы,  
Күн шуағы шыңылтыр,  
Шағылысқан сәулеге,  
Шың ірені жып-жылтыр.

\* \* \*

Тарау-тарау тамыры бар,  
Қабат-қабат қабығы бар,  
Қара ағаштың араларын,  
Салаларын араладым.

\* \* \*

Таудан құлаған бұлақ,  
Сылдырай ма,  
Балаша былдырлай ма?  
Сылдырласа да,  
Былдырласа да,  
Егіске құлайды,  
Ол диқанға ұнайды.

\* \* \*

Топ бала  
Довты ала  
Қуып жүр  
Топтала.


\* \* \*

Шытынаған шар  
айнаны,  
Шықтым шыр айналып.

\* \* \*

Шыңылтыр  
Көкше мұз  
Жып-жылтыр.

\* \* \*



Мүз тұзға үксас,  
Тұз мүзге үксас.  
Мүз да, тұз да үксас.

\* \* \*

Түзшіл  
Жүз шіл  
Ізшіл.  
Ізшіл  
Жүз шіл  
Түзшіл.

\* \* \*

Таңсығы сол —  
Таң шығы мол.

\* \* \*

Шындары ақ —  
Шың қары ақ.

\* \* \*

Шақпақ қапты  
шақнашы,  
Ақ шапты әжеме  
сақташы.

\* \* \*

Үш ақ тас  
Ұсақ тас,  
Үшеуі де  
Ұқсақ тас.  
Ұсақ үш ақ тас,  
Ұқсасы осы  
Үш-ақ тас.

\* \* \*

Тақырдағы шатырға,  
Балаларды шақыр да,  
Тым-тырыс отыр да,  
Аңыз айтқыз батырға.

\* \* \*

Шабырға тастақты  
Тасбақа бастапты.  
Жем таппай тастақтан,  
Тасбақа бастапқы,  
Жақ ашпай, аш қапты.

\* \* \*

Тал шыбық шанысқалы,  
Алғаш шыққандар,  
Қол алысты танысқалы.

\* \* \*

Іңгәсі сәбидің -  
Ән-күйі сан үйдің.

\* \* \*

Ілікті  
Іздемейді  
Білікті.

\* \* \*

Үш түсті  
Үш ішікке  
Шешем  
Үш түрлі тыс пішті.

\* \* \*

Үшкір түмсық  
Сұр шымшық,  
Сордан ұшты,  
Құрт шымшып.

\* \* \*

Үш ішік тыстадым,  
Үш істік ұштадым.

\* \* \*

Үйір-үйір үйірлі,  
Биелерді бүйірлі,  
Үйенкіге нірді.

\* \* \*

— Үңгірді кім үңгігіш?  
— Үргіш күшік үңгігіш.

\* \* \*

Үні үндімен үндесемін,  
Әнін үйреніп,  
Бірге өсемін.

\* \* \*

Іспіл іссізбен келіспейді,  
Істі іссізден тез істейді.

\* \* \*

Ішті ішкіш пе,  
Ішсіз ішкіш пе?

\* \* \*

Өшіргішпен өшірісі,  
Көшіргішпен көшірісі,  
Өшіргіш өшіргішпен  
өшірісі,  
Көшіргіш көшіргішпен  
көшірісі.

\* \* \*

Төстесе бес дос,  
Сен де төстес.

\* \* \*

Теңеуші теңеуіш тең түр  
ма?  
Теңеуіш теңеусіз кем түр  
ма?

\* \* \*

Шынысы шыны  
Шыны ыдыс сынғыш  
емес,  
Сынғыш шыны ыдыстың  
Шынысы шыны емес.

\* \* \*

Шешемнің түйгені  
Шүйкедей түйіншек.  
Шетенің үйгені,  
Шүйгінді шүйгін шөп.

\* \* \*

Шиеленіскен жіп түйінін,  
Шешсе шешсінші.  
Шиеленістірудің қиынын  
Сезсе ол сезсінші.

\* \* \*

Ырысты шырышты  
сырышы,  
Үшбұрыш бұрышты  
кұрысты.

\* \* \*

Шын шымыр  
                    шыңдалғыш,  
Шығады шыңға алыс.

\* \* \*

Үш тасты ұстасшы,  
Үш тас та тұтассын.

\* \* \*

Шөженің шешесі:  
— Үй ішінің кенжесі,  
Шөмпигені сен, — деп  
Шертін еді шекесіне,  
Шөже де есесіне,  
Ертін келді  
Шешесін әкесіне.

\* \* \*

Шөпті ішке үйгізші,  
Күрішті де түйгізші.

\* \* \*

Үйреншікті істі  
Үйреткішсіз-ақ  
Үйреністі.

\* \* \*

Нау ма, дау ма?  
Нау да — дау,  
Дау да — нау.

\* \* \*

Үш үскінің ұшы үшкір,  
Үш үскінің ұшы тұғыл.

\* \* \*

Үш дүркін  
Сырықпен секірші,  
Үш дүркін,  
Құрықпен жүгірші.

\* \* \*

Ұтқыш ұпай ұтқыш,  
Ұпай ұтқыш ұққыш.

\* \* \*

Үшкір мүйізі сүйір,  
Қызыл бүйір сыр  
Үйген шөпке үйір,  
Тісі шөпке тимей түйір,  
Ор жағалаған  
Ізі қиыр-шиыр.

\* \* \*

Тақтай қақпаны  
Тым қатты кім қақты?  
Қақпаны тым қатты  
Қақпанды естігенде  
Кім алғаш тіл қатты?

\* \* \*

Үйдің бұрышына,  
Үйдім бір мың сына.

\* \* \*

Ысқыртшы ысқырғыш  
                    ысқырғышты,  
Ысшы, ысқызшы ыс  
                                    қырғышты.

Ең үшкыр күс —  
Ең үшкыш күс.

\* \* \*

Еленген күм тасысып,  
Іргені  
Жіберші қымтасысып.

\* \* \*

Ұстахана  
Ұстаған ұста  
Ысталғасын ысқа,  
Таяғын қысқа  
Ұстай салып,  
Шығыш тысқа,  
Көз жіберді,  
Шоқы түсқа.

\* \* \*

Үш шөже шекісті,  
Ортаншысының  
Шекесі істі.  
Үшіншісінің  
Көзі істі.  
Үлкені жетісті,  
Көжені жеке ішті.  
Не түсті?

\* \* \*

Түс-түсты  
Шолғанда  
Үш түсті  
Күс үшгы.

\* \* \*

Істі кісі —  
Ізді кісі.  
Іссіз кісі —  
Ізсіз кісі.

\* \* \*

Ғұмыр — арман,  
Тұғыр — арман,  
Армандардан жаралған  
Өмір де арман.

\* \* \*

— Ғарыш алыс па?  
— Ғарыш алыста,  
Үшсаң үш ғарышқа,  
Жарыс та қалыса,  
Бір, екі, үш!  
Ал үшгық ғарышқа.  
Жас ұлан,  
Алысқа қарышта,  
Жарыста қалыса!

\* \* \*

Төбемде  
Теп-тегіс  
Көк теңіз.  
Бұл неткен,  
Теп-тегіс  
Көк теңіз.  
Бұл неткен  
Көк теңіз?

\* \* \*

Шалдын шапаны  
шаң-шаң,  
Тазалап койсаңшы  
шапшаң.

\* \* \*

Шашбауды таксаң,  
Шапшаң таксаңшы,  
Шашуды шашсаң,  
Шапшаң шашсаңшы.

\* \* \*

Ызгығыш күсты  
Ұстайыншы деп,  
Қызғыш ұшты,  
Ұшқыр ұшты.

\* \* \*

Түзде сен  
Ізшілсің бе,  
Түзшілсің бе,  
Түспілсің бе?

\* \* \*

Шықшыттын  
Шығышты,  
Быт-шыты.

\* \* \*

Төлеш төгіп тегешті,  
Тілешке төніп егесті.  
Тегешті төккен Тілеш  
еместі  
Несіне Төлеш тежесті?

\* \* \*

Шалбар бар ма,  
Шарлар бар ма?  
Бар шалбар тар,  
Шар ал, шар бар.

\* \* \*

Шытынаған шар айна,  
Шығарылды сарайға,  
Сәуле шашқан  
шырайланып,  
Шытынаған шар айнаны  
Балалар жүр шыр  
айналып.

\* \* \*

Шүп-шүбар лағым,  
Шүвтныш  
Шүп-шүнақ құлағың,  
Шүп-шүңқыр  
Шүқанаққа  
Қалайша құладың?

\* \* \*

Дән — нан,  
Нан — дәм,  
Дәм — вәр,  
Нәр — әл,  
Әрі әр,  
Әрі әв.

\* \* \*

Доңызды тоғыз  
Жалбызға жықты,  
Жалғыз көз қоныз.

\* \* \*

Тамағы да бір тамақ,  
Табағы да бір табақ.  
Тамақты да,  
Табакты да  
Жанат пен Манат түр  
қалап.

\* \* \*

Тақпақты  
жаттамағандарың —  
Үмітті ақтамағандарың,  
Тәртіпті  
сақтамағандарың.

\* \* \*

Қырық құлышты  
Құрыққа ілшті.  
Құлыш та — қырық,  
Құрық та — қырық.

\* \* \*

Қара қақпақ  
Қазанға жапсақ,  
Шап-тақ қақпақ.

\* \* \*

Шуда суга шыланышты,  
Шуданы суга кім салышты?

\* \* \*

Ашпақ мақтадан  
Ашпақ мақта тоқи ма,  
Ашпақ матаны  
Ашпақ мақтадан тоқи ма?

\* \* \*

Бураларды  
Бурыл атты  
Атам бақты.

\* \* \*

Анам тары ақтады,  
Атам қашқа қаптады.

## ӨТІРІК ӨЛЕҢДЕР

Сегіз бала гулесіп,  
Ивелікке мінгесіп,  
Байқоңырдан ұштық та,  
Аймен қайттық тілдесіп.

\* \* \*

Су үстіне тас қалап,  
Өсіріп ем асқабак,  
Бар өнімін жеп қойды,  
Жалғыз піркей ашқарак.

\* \* \*

Жүз метрден бүргені  
Атып едім садақпен,  
Оқтың көзден тигені,  
Сүйреп қайттым пар атпен.

\* \* \*

Қыстың күні ақ қарда,  
Гүл өсіріп бақтарда,  
Балаларға сыйладым,  
Әуедегі шатқалда.

\* \* \*

Бұзау мініп торғайға,  
Тура тартты тоғайға.  
Үйге теңдеп әкелді,  
Жүз тонналық шоңайна.

\* \* \*

Мақпал түнде қарасам,  
Терезеден бау жакқа,  
Бір есекті бура сан,  
Бүрге тықты дәу қашқа.

\* \* \*

Атам баққан барыстың,  
Жағы әбден қарысты.  
Мініш алып біреуін,  
Тыңдырып жүр бар істі.

\* \* \*

Жарқ еткенде найзағай,  
Бір кітапты тауыстым.  
Қаламсаппен найзадай,  
Шымайладым тау үстін.

\* \* \*

Желсіз күні бір қаңбақ,  
Домалап кеп сокқанда,  
Үсті-басым кір-шаң боп,  
Ұшып түстім оқпанға.

\* \* \*

Ұя салды шағала,  
Арыстанның аузына.  
Көзін жасап сахна,  
Таң қалдырды даусына.

\* \* \*

Тұрмадым еш мүдіріп,  
Көлден өттім жүгіріп.  
Ізім жатты су бетінде,  
Толқындармен бүгіліп.

\* \* \*

Айдыңға көлбеген  
Қыл төсеп көлденен,  
Отарды суғардым,  
Тасты жеп шөлдеген.

\* \* \*



Көктен ұстап құланды,  
Бастықтырып ерттедім.  
Артып әкеп тұманды,  
Бұлт ішінде өртедім.

\* \* \*

Жырық қоян қасқырды,  
Әбден зекіп, басқа ұрды.  
Жыл бойы оған түк бермей,  
Жеп жүрді өзі жас құрды.

\* \* \*

Сазандарды көгендеп,  
Саудық қыста мұз беріп,  
Қымыз іштік тегендеп,  
Күніне айдан жүз келіп.

\* \* \*

Тамыр жайып тереңге,  
Бір-бірімен тіресіп,  
Толқын атқан белеңде  
Алма ағаштар түр өсіп.

\* \* \*

Үйден жасап көл, қамыс,  
Өсірді атам жолбарыс.  
Отын бұтап, су тасып,  
Береді ол қолғабыс.

\* \* \*

Тасбақаны міндім де,  
Мен жарыстым "Волга"-мен.  
Айға жеттім бір түнде,  
Еш жан салмай алға мен.

\* \* \*

Қалта етіп тіктім де  
Өрмекшінің торқасын,  
Оған салдым үктім де,  
Бір мың тонна қорғасын.

\* \* \*

Аяғына бұланның  
Таға қақтым күмістен.  
Әкесіне бұл аңның,  
Шапан жаптым пүліштен.

\* \* \*

Инеліктің сирағын  
Тезге салып түзеттім.  
Сырық жасап сыйладым,  
Жіңішкесін біз еттім.

\* \* \*

Жұмысқор көп құмырсқа,  
Көкше мұзға жиылды.  
Жабылғанда жұмысқа,  
Қардан ақ тау үйілді.

\* \* \*

Сүңгі мұзды боршалап,  
Күнге жайып, тұздадым.  
Қапқа салдым қар санап,  
Бір түйірін бұздадым.

\* \* \*

Жұмыртқаны қақ жарып,  
Пілге шатыр жасадым.  
Уыздарын ақтарып,  
Мәрмәр етіп қападым.

\* \* \*

Қарғыш өтіп белдерді,  
Аттап кеттім көлдерді.  
Алатауды көтеріп,  
Араладым ел-жерді.

\* \* \*

Мұртынан ұстап балықтың,  
Мұхиттың түбін шарладым.  
Түбінен кез боп жарық күн,  
Оны да біраз барладым.

\* \* \*

Бұлтты жүрген ап кезіп,  
Аюға бердім тасты езіп.  
Жұлқынып түр қазықта,  
Кете алмай бір тал шапты  
үзіп.

\* \* \*

Шағыл күмда сең соғып,  
Шіркей тұрды теңселіп.  
Бірақ жұтты ыза боп,  
Тасқын суды еңсеріп.

\* \* \*

Таң атқап шақта арайлап,  
Жұлдызға барсам атойлап,  
Құрдасым Қапат қарсы алды,  
Астында жирен аты ойнап.

\* \* \*

Барғанда айға жорғамен,  
Ғажап бақ жатты көз  
жауып ап.  
Үйге қайттым дорбамен  
Үш метрлік жүз қауып ап.

\* \* \*

Өсіпті шокқа нар қамыс,  
Байладым оған жолбарыс.  
Өрмекші торын жұлқылап,  
Жырта алмай қойды он  
барыс.

\* \* \*

Торғай ұстап жолбарысты,  
Екеуі көп аршалысты,  
Торғай жеңді ақырында,  
Қары талып, қол қарысты.

\* \* \*

Суга салып ақ сырды,  
Ашам қаймақ тапсырды.  
Қайнатты да қалғанын,  
Көрдім күрт қып алғанын.

\* \* \*

Мініп алып инелік,  
Көңілді бір күйге еніп,  
Шарлап қайттық әлемді,  
Ғарышты да игеріп.

\* \* \*

Арасында толқынып,  
Түлкі жүрді бұлтаңдап.  
Шет жағында жар күмның  
Қарап тұрды бұлт аңдап.

\* \* \*

Мұхиттағы жайыңды,  
Қақпанменен ұстадым.  
Мартенге егі жайылды,  
Бензинменен ыстадым.

\* \* \*

Зенгір көкке тор кұрып,  
Аулап едік балықты.  
Мол олжаға толтырып,  
Алдық демде қайықты.

\* \* \*

Есек ұстап торғайды,  
Қос көзімен арбайды.  
Торғай байғұс шырылдап,  
Бар даусымен зарлайды.

\* \* \*

Айдың шалқар ғажайып,  
Мұхит суын ішіп ем.  
Лезде қалды азайып,  
Мұны қалай түсінем?

\* \* \*

Шөлдеген сон  
Шілдеде  
Балық жедім тұздалған.  
Сауып жүрген пілге де,  
Шылап бердім тұз талқан.

\* \* \*

Жеті айымда сақалым,  
Болды сексен шақырым.  
Көк тіреуге шақ қалдым,  
Тонна тартты ақылым.

\* \* \*

Шертіп едім дәу шынды,  
Ұшып түсті күзатқа.  
Мұхит ағып таусылды,  
Шіл көзіндей сызаттан.

\* \* \*

Аузын буган тор шолақ,  
Жаз бойы мұз кемірді.  
Жем орнына қар жалап,  
Кереметтей семірді.

\* \* \*

Бір топ қасқыр қозымен  
Келе жатыр бірге өсіп.  
Гүл теріш тау төсінен,  
Жүреді атқа мінгесіп.

\* \* \*

Сона күзеп балықты,  
Тонналап жүн алышты.  
Өзі көйлек тоқыса,  
Сол жүн жетпей қалышты.

\* \* \*

Таудың үлкен жарығын,  
Біріктірдім шегелеп.  
Атам қазды арығын,  
Қара тасты егелеп.

\* \* \*

Тасбақа тік өрмелеп,  
Шықты қазық басына.  
Сайрады жыр термелеп,  
Аюды алып қасына.

\* \* \*

Жапырақтың бетіне,  
Атам жайды бір отар.  
Шыққанша ең шетіне,  
Таң атар да, күн батар.

\* \* \*

Қабан ұшып аспанға,  
Айға барып қоныпты.  
Түнеп жатып бос тамға,  
Тиеп қайтты борықты,

\* \* \*

Бүлтқа егіп мақтаны,  
Қыста жидық мол өнім.  
Трос етіп ноқтаны,  
Тауды сүйреп келемін.

\* \* \*

Салдым-дағы тым керім,  
Үйрек, қаздың суретін.  
Жұлып едім жүндерін,  
Жауып кетті су бетін.

\* \* \*

Шүйліш кеп шүрегей,  
Бүріп алды қасқырды.  
— Жейін десем тірідей,  
Жасықсың, — деп басқа  
үрды.

\* \* \*

Жүген салып қоңызға,  
Көлік еттім доңызға.  
Арба жегіп тышқанға,  
Тасып алдым жоңышқа.

\* \* \*

Қымыз құйып торсыққа  
Беріп едім борсыққа,  
Ішіп алып қалдырмай,  
Қашып кетті шалдырмай.

\* \* \*

Аспан көгін жырттым да,  
Өсірдім ну орманды.  
Бүлтты қолмен сүрттім де  
Жуып шықтым бар маңды.

\* \* \*

Шілде де мен құм кешіп,  
Аулап едім балықты,  
Жүрсем де атқа мінгесіп,  
Аяғым үсіп қалыпты.

\* \* \*

Отқа жағып ақ қарды,  
Лезде шәй қайнаттым.  
Инемен кең шатқалды  
Бөгеп, суын байлаттым.

\* \* \*

Гармонь етіп күртты,  
Қоян шырқап ән салды.  
Жиналған көп жұрт та  
Өнеріне тамсанды.

\* \* \*

Сөмкемдегі сиырды  
Жоғалтып ап қиырды  
Іздеп жүрсем  
бүлтқа,  
Шығыпты өрлеп құйыңды.

\* \* \*

Бұтағына теректің  
Тұқым сеуіп, тары ектім.  
Дәнін үйіп жалғадым,  
Екі арасын жер, көктің.

\* \* \*



Бүрге пілді қамады,  
Қан жосағып сабады.  
Қоймаған соң жалынып,  
Табандарын жалады.

\* \* \*

Екі тышқан бірігіп,  
Қуып берді барысты.  
Ұстаған соң тер үгіп,  
Талады кеп бар үстін.

\* \* \*

Тышқанменен алысқан  
Жығылып қап арыстан,  
Дүйім аңның алдында,  
Таяқ жеді барыстан.

\* \* \*

Ұлу менен шүрегей  
Жарысса күм төбеде,  
Ұлу жортып бірегей,  
Бұрын жетті мәреге.

\* \* \*

Шіл көтеріп пілді,  
Алты сағат тұрды.  
Аларды да айға  
Тірсегінен ілді.

\* \* \*

Барыс мініп күрды,  
Қыл үстімен жүрді.  
Шөлдеген соң жұтты,  
Сегіз тонна құмды.

\* \* \*

Жасы толып бірге  
Той жасады бүрге.  
Қобыз тартып, әп салды,  
Шығып алып төрге.

\* \* \*

Үгігіш тасты,  
Пісірдім асты.  
Жей салып қасқыр,  
Тоғайға қапты.

\* \* \*

Мініп алып тайды,  
Араладым айды.  
Кездесіп қап селге,  
Бөгеп тұрдым сайды.

\* \* \*

Бұлттағы ашық,  
Алаңда ойнап асық.  
Гүл өсірдім тасқа,  
Асығымды шашып.

\* \* \*

Үкіні ұстап кірпі:  
— Көшке болар күлкі,  
Жүнің петкен түрпі, —  
Деп жақтырмай сөкті.

\* \* \*

Бұлттан пішен бауладым,  
Ақ бауыр сазан ауладым.  
Қайтарда балдыр шанаға  
Қос китті шегіп зауладым.



# ОЙЫН ӨЛЕНДЕР

## БАЛАҚАН ДА АЛАҚАН

(әні бар)

**Ойын тәртібі:** балалар дөңгелене шеңбер жасап тұрады. Сол қолының үстіне оң қолын салып, алақандарын беттестіріп, шапалақтауға ыңғайлайды. Музыка ойнаған кезде, балалар әп ырғағына ілесіп, қол соғып, өлең айтады. Алақандарын басқалардан бөлек, жаңылыс соққандар не басқадай бір қылығымен ойын тәртібін бұзғандар "кінәлі бала" болып табылады. Оларды ортаға жеке шығарып, кінәсін ақтау үшін өлең, тақпақ айтқызып, би билетеді.

**Ойын әуелде былай басталады:**


Кел, балалар, шапалақтап  
Алақанды ұрайық.  
Жаңылғанды ортаға аяп  
Бір өнерін сұрайық.

Қайырмасы: Ла-ла-ла,  
Балақан.  
Ла-ла-ла,  
Алақан,  
Ла-ла-ла

Айып тартсақ саспайық,  
Қысылмайық қиналып,  
Кел, ойынды бастайық,  
Келді достар жиналып.

Қайырмасы.

**Ойын басталады.** Бәрі қол шапалақтап, өлең қайырмасын айтып тұрып, "кінәлі" баланы қырағы бақылайды. Оны тапқан кезде, бәрі соған бұрылып тұрып былай дейді:



Соғылғанда алақан,  
Жаңылдың сен, балақан.  
Шаю үшін кінәнді,  
Айтып жібер бір әнді.  
Қайырмасы.

"Кінәлі бала" айыбын өтеген соң, ойын онан әрі жалғасады. Ортаға екінші "кінәлі" бала шығады. Оған балалар мынандай талап қояды:

Соғылғанда алақан,  
Тәртiп бұзып балақан,  
Неге босқа күлесiң,  
Қандай тақпақ бiлесiң?  
Қайырмасы.

Ойын әрi қарай жалғастырылады.

Соғылғанда алақан,  
Түзу тұрмай балақан,  
Тәртiп бұздың тыржыңдан,  
Айтып бергiн бiр жұмбақ.  
Қайырмасы.

Ойын онан әрi жүргiзiледi.

Соғылғанда алақан,  
Селқос тұрдың балақан.  
Сол үшiн кел, сұралық,  
Билеп берсiн бұралып.  
Қайырмасы.

Ойынды осылайша әлдепеше рет қайталап ойнауға болады.





## ЖАЛАУША

Бұл ойын-өлеңді балабақша мен мектеп ауласында ұйымдастыруға болады. Тәрбиеші не пионервожатый (оларды жетекші десе де болады) келіп:

Кел, балалар, қалаулы,  
Сапқа тез-тез тұрайық.  
Желбіретіп жалауды,  
Ойын-сауық күрайық, —

деп балаларды шеңберлі сызық бойына шақырады. Балақандар алақандарын шапалақтап тұрып:

Жаңа ойын басталса,  
Қызық құмар баламыз.  
Біз иіліп жас талша,  
Сапқа тұра қаламыз, —

деп бәрі шеңбер бойына қаздай тізіледі. Ойын тәртібі түсіндіріледі. Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, шеңбер жасайды. Бәрі жетекшіге қосылып, өлең айтып, шеңберді бойлап, күн бағытымен жайлап жылжиды.

Қол соғамыз өренге,  
Ән салатын, би билеп,  
Кім өнерлі, бөгелме,  
Ортаға шық бір-бірлеп.  
Өлең айтқан ұнамды,  
Құйқылжытып, ойнатып,  
Құрметтейміз ұланды,  
Жалаушаны жайнатып.

Жетекші жанында тұрған балаға бұрылып:

Болат, ән сал, сен қазір,  
Домбыраны ал, жасқанба.  
Көтеруге мен әзір  
Жалаушаны аспанға.

Болат ортаға шығады. Ән салады. Жетекші жалаушаны жоғары көтереді де, әнші балаға тапсырады. Ол жалаушаны бұлғақтатып, шеңбердің ішінен айналып жүгіреді. Жетекші мен балалар қосылып:



**Жаксы айтылды әніміз,  
Әуен сазын үзбейік.  
Топ ішінен бәріміз  
Бишілерді іздейік, —**

**деп жан-жағына қарайды.**

**Жетекші өлеңәуенін ыңылдап айта бастайды. Оған шеңбер ішіндегі өнер көрсеткен жеңімпаздар қосылады. Осы кезде ортаға бір қыз шығып, билей жөнеледі. Бәрі бір-бір жалаушаны алып, билеп жүріп:**

**Бәрімізде жалау бар,  
Би билейміз, ойнаймыз.  
Кешкі күндей алаулар  
Қызыл шоктай жайнаймыз.  
Ортамызда шаттанып,  
Жеңімпаздар күледі.  
Бақта өскен бапталып,  
Гүлдей жайнап жүреді.  
Тапсақ көңіл қалауын,  
Сүйкімдіміз, көшке біз.  
Бейбіт өмір жалауын,  
Көтереміз көкке біз.**

**Бәрі жалаушаны алма-кезек жоғары желбіретеді. Ән әуенін жалғастырып:**

**Күлсін өмір көктемі,  
Нұрын жерге шашайық.**

**Шеңбер бойымен бала жалаушаны бір-бірімен түйістіріп, күн суретін бейнелейді. Оның тең ортасынан жоғары қарай көгілдір ту көтеріледі. Осы кезде бәрі қосылып:**

**Бақыт тілеп бар елге,  
Арай шашқан алаулы,  
Бұл — әйгілі әлемге  
Қазақстан жалауы.  
Жайнай түскен ел бүгін,  
Достық туы көркіміз.  
Шаңырақтың бірлігін,  
Паш етіп түр Гербіміз.**

**Ән айтып, би билеуді әлешкі тәртіп бойынша осылай қайталай беруге болады.**



## "АРА" СӨЗІ ОЙЫНЫ

Омартада түздегі  
Жауын жауып аш қалған  
Аралар шөп іздеді  
"Қ" әрпінен басталған.

**Қ** ..... гүл  
..... уыз  
..... жаңғақ  
..... ған  
..... ша бақбақ  
..... қат

Орман, тоғай, далада  
Ара тапқан аң-күсты  
Оқып берген балаға  
Жаудырамыз алғысты:

**Қ** ..... күйрық  
..... бай  
..... күс  
..... торғай  
..... ша қаз  
..... қанат

**Ескерту:** Сызықша орнына "Ара" сөзі жазылады.

## "АҚ" СӨЗІНЕН БАСТАЛҒАН АТАУЛАР

Ақ түсті әркім сүйеді,  
Адамдар бар ақжолтай.  
Сөздің басы ол жүйелі,  
Таза тұрар дақ шалмай.

Киіз үйге ақ таңда  
Кіреміз ақ отау деп.  
"Ақ" сөзінен  
Баққанға  
Бастау алған атау көп.

Суреттердің алдынан  
Оқып тұрсын "Ақ" сөзін.  
Әрі қарай, балдырған,  
Атын көне, тапшы өзің?

Әркім оңай ұғатын,  
Сөздікте де қопталған.  
Мына атаулар шығады,  
"Ақ" сөзінен басталған.

Олар:

**АҚ**

аю  
бөкен  
қу  
құтан  
тның  
таутан  
қала  
құман

Іздегенге бар әлі,  
Жалғастырып қалғанын,  
Өзіңе де пайдалы,  
Сөздік жасап алғаның.

## САНАМАҚТАР

Бір дегенім — бесік,  
Екі дегенім — есік,  
Үш дегенім — үйім,  
Төрт дегенім — төрім,  
Бес дегенім — бала,  
Алты дегенім — ана.

Жеті дегенім — жігіт,  
Сегіз дегенім — сана  
Тоғыз дегенім — той,  
Он дегенім — ой.  
Дәйім болса осылар,  
Тойға той қосылар.

\* \* \*


Бір —  
Күн төгіш түр,  
Ақ шуақ нұр.  
Екі —  
Ең мықты дәті,  
Қалышқа бекі.  
Үш —  
Қырандай үш,  
Шарықтай түс.  
Төрт —  
Бер дағы серт,  
Досынды ерт.  
Бес —  
Еліңе ес,  
Ер болып өс.

Алты —  
Халықтың салты —  
Дәстүрдің қалшы.  
Жеті —  
Бағдарлы беті,  
Көкжиек шеті.  
Сегіз —  
Еңбекпен егіз  
Өсеміз деңіз.  
Тоғыз —  
Ақ ниет тоғыс,  
Жойылсын соғыс.  
Он —  
Бағытың оң,  
Тұғырға қоп!

\* \* \*

— Ал, достар, қатарға кеп  
тұрындар,  
Өздеріңді тапыстырып  
шығындар.  
— Мен Асапмын, Асанмын,  
Он асық, бір сақам бар.  
— Мен мерген Қожанмын,

Жеті асық, дүр сақам бар.  
— Мен ойыншыл  
Ошанмын,  
Алты асық, сүр сақам бар.  
— Кәне, бәрің санандар,  
Қанша асық, сақаң бар?



## ГҮЛ ТЕРДІК

Біз көктемде,  
Шығып бөктерге  
Гүл тердік.  
Төсіне дала  
Келгендерді  
Өзің сана:  
Вожатый екеу,  
Қыздар жетеу.  
Топтың барлығы  
Құрайды он алтыны,  
Сонда ұл нешеу?  
Қыздар терді  
Он бес гүл,  
Ұлдар терді  
Кем бес гүл.  
Гүлді тегіс жинадық,  
Вожатыйларға  
Екіден гүл сыйладық.

Барлығы неше гүл,  
Есептен, неше біл.

## АҚҚУҒА ОҚ АТПАЙДЫ

(аңыз)

Ерте,  
Ерте заманда,  
Ауырыпты бір ана,  
Дәрігер жоқ,  
Адамға  
Бола қойсын кім пана.

Аяқ-қолы жазылмай,  
Тырысыпты тамыры.  
Зар илепті көз ілмей,  
Әбден кетіп сабыры.

Жарытпады ем болып,  
Балгерлердің айтқаны.  
Аяқ-қолы кем болып,  
Дерттің беті қайтпады.

Сол ананың болыпты,  
Ардақ атты баласы.  
Ақылы да толыпты,  
Артық екен санасы.

- Ауыр дерттің жәбірін  
Көре-көре мен аздым.  
О, жаратқан тәңірім,  
Осыншама, не жаздым, -

Деп анасы күйзелген,  
Шақтарда Ардақ жаситын.  
- Қайтіп жазам кеселден,-  
Деп желкесін қаситын.

Көрсен де сан жәбірді,  
Іштен тынып қамықты.  
Мінезі бар сабырлы,  
Теңдесе алмас сан мықты.

Ауыр дерті ананың,  
Айықпас деп қорықты.  
Көп қайғырған баланың,  
Көңілі де торықты.

Үрпек шашын жел үріп,  
Өшіп соңғы бар үміт,  
Қайғы жанын кеміріп,  
Жүреді екен тарығып.

- Анашымның өмірін,  
Қалай ғана сақтаймын.  
Тауып оның көңілін,  
Қайтіп сүтін ақтаймын, -

Деп қайғырып жылаған,  
Бала жайын сұрай кеп,  
Көпті көрген бір адам  
Ақыл айтты былай деп:

- Бекерге сен, шырағым,  
Қажи берме, қамығып.  
Берік болсын шыдамың,  
Мына сөздің мәнін ұқ:

Алыстағы шаһарда,  
Бір емші бар ғұлама.  
Егер соған апарсаң,  
Жазылады бұл ана.

Анаңды алып, қарағым,  
Қашықсынба, бар соған.  
Алдан жанып шырағың,  
Арманға жет аңсаған.

...Ауыр үрей артта қап,  
Бетке алып ақ таңды,  
Анасын ол арқалап,  
Алыс жолға аттанды.

Ұзақ жолда баласы,  
Қалды бірде қалжырап.  
Ардақты аяп анасы,  
Былай деді зар жылап:

- Талай жүрдік жолды алыс,  
Қажыдық қой болдырып.  
Біз ойлаған болмады іс,  
Бара жатыр әл құрып.

Өзің жалғыз баласың,  
Жүдеп жөне барасың.  
Жырақтағы ауылды,  
Қарғам, қайтіп табасың.

Есің барда елді тап,  
Қайтсақ деймін күй барда.  
Бола қоймас енді бап,  
Қамықпа оған, қиналма...

- Қайтсем де мен ақтаймын,  
Анашымның ақ сүтін.  
Жарты жолдан қайтпаймын,  
Алдан туар жақсы күн,-

Деді-дағы бел байлап,  
Ардақ алға жүрді еппен.  
Көрінбейді елді аймақ,  
Аштық та оны жүдеткен.

Тынбай жүріп мыртыңдап,  
Құмды кешіп, бел асты.  
Аңызға жел жыртыңдап,  
Бөркіменен таласты.

Табандары жарылып,  
Еріндері кезерді.  
Жапан түзде тарығып,  
Жолдан болды безер-ді.

Бірақ Ардақ шегінбей,  
Қиындықпен алысып,  
Алға жүрді ерінбей,  
Қабырғасы қайысып.

Табылардай ем алда,  
Құрсау көңіл кірігіп,  
Жетеледі тек алға,  
Темірқазық - бір үміт.

... Көк жиектен таң атты,  
Көтергендей шеті ақ ту.  
Төбесінен Ардақтың,  
Өте берді жеті аққу.

Әнге бөлеп даланы,  
Жазбай олар жұптарын,  
Баяу жылжып барады,  
Іздегендей құтты орын.

Қуанды Ардақ соншалық,  
Ақыл-есін жоғалтты.  
Қорамсаққа қол салып,  
Бірде көздеп оқ атты.

Бірақ оғы мүлт кетті,  
Іске аспады бар ойы,  
Күнді бүркеп бұлт кетті,  
Тұмшаланды маңайы.

Оқ тимеген әлгі аққу,  
(Өзі неткен ақылды ед).  
Демеді: "атар, алдап, қу",  
Былай деді жақын кеп:

- Ата менен анамыз,  
Тастап кеткен жасынан.  
Біз сары уыз баламыз,  
Тарпаң тағдыр басынған.

Қанатымыз қатқан соң,  
Соларды іздеп шығып ек.  
Айдалада жатқан соң,  
Саған мойын бұрып ек.

Қияндағы жол да алыс,  
Неғып жүрсің шөл түзде.  
Қажет болса қолғабыс,  
Жақында сен, кел бізге...

Аққу құстың сөздері,  
Ойландырды жігітті.  
Күлім қақты көздері,  
Көңіл-күйін жібітті.



Кетпегенге оқ дарып,  
Қуанды ол ішінен.  
Тұрып қалды дағдарып,  
Жаңылғандай ісінен.

Жасаурады көз тағы,  
Аққу жақын келгесін.  
Еріксіз бір қозғады,  
Көңіл-күйдің пернесін.

- Біз бір ғаріп зарлаған,  
Жеріміз жоқ бармаған.  
Қабынып тұр өкпеміз,  
Құмда тамшы тамбаған.

Ағайындар, басымда  
Үлкен қайғы, жапам бар.  
Анам сырқат болған соң,  
Таудан үлкен қапам бар.

Жолы ауыр десе де,  
Қашық ауыл десе де,  
Тәуекел деп тәңірге,  
Бір жақсылық шеше ме,

Бола ма деп дом-емі,  
Тие ме деп себебі,  
Емшіні іздеп келемін,  
Қона жатып көбені.

Қапы қылмай ғазалын,  
Дертін қалай жазамын?  
Ақыл айтшы, аққулар,  
Бізге ауса назарың.

Аққу құстар көктегі,  
Сезіп кепсің қайғымды.  
Кеудемде мұң көп тегі,  
Болсам да өзім айбынды.

Қорықпаңдар, қоныңдар,  
О, аққулар, керімдер.  
Достар үшін орын бар,  
Жүрегімде менің де, —

Деді де Ардақ садағын,  
Жіберді алыс лақтырып.

Елти тыңдай сазды әнін,  
Бала тұрды шат күліп...

- Біз жүреміз, шынымыз,  
Қиындықты бөлісіп,  
Бірімізге біріміз,  
Көмектесіп, болысып.

Қара сүлік - мұң-қайғы,  
Жан екенсің жүдеткен  
Кім ойлаған мұндайды,  
Тарығумен күн өткен.

Сарғалдақтай сарғайтқан,  
Үмітіңнен түңілме!  
Шипагерге жұрт айтқан,  
Апарамыз іңірде.

Көңіл кірі кетеді,  
Жазылады анашың.  
Мұңды күндер өтеді,  
Бақытқа тап боласың, -

Деп аққулар бірлесіп,  
Ана менен баланы,  
Арада бір күн кесіп,  
Емшіге әкеп салады.

...Емші емдеп сырқатты,  
Ана дерттен айықты.  
Ардақ сонда жар салып,  
Жұртқа былай жайыпты:

— Аққуға оқ атпаңдар,  
Жасай берсін мәңгілік.  
Сырлы сазын жаттаңдар,  
Есте қалар ән қылып.

Содан бері жүрекке,  
Аққу сазы орнапты.  
Содан бері аққулар -  
Құс төресі ардақты.

Содан бері бар халық  
Аққу сазын жаттайды.  
Содан бері бар халық,  
Аққуға оқ атпайды.

## ЖАҢА ЖҰМБАҚТАР

Республикалық "Ана тілі" баспасынан "777 жұмбақ" атты кітабым 38 мың дана болып былтыр шыққан еді. Төменде оқырманға ұсынылып отырған жұмбақтар ол кітапқа енбеген жаңа туындылар.

Бір үйдің атасы бар,  
Оның төрт анасы бар,  
Он екі туысы бар.  
Әрқайсысының  
Отыздан ағасы бар,  
Төрттен інісі бар,  
Жиырма төрттен баласы  
бар.

Бұлар кім?  
Танысып ал.

*(Жыл, көктем, қыс,  
жаз, күз, он екі ай,  
отыз күн, апта, сағат)*

Күміс табақ  
қаратпайды,  
Жылтыр оймақ  
санатпайды.  
*(Күн мен жұлдыз)*

Жарқырап шықты,  
Алыс жол жүріп,  
Қараңғыға бұқты.  
*(Күн)*

Шарасын ашады,  
Бар асын шашады.  
*(Күн)*

Ортасында өзі тұрады,  
Жан-жағында күлімдеп,  
Сан мыңдаған көзі  
тұрады.  
*(Ай мен жұлдыз)*

Бір үйдің атасы бар,  
Оның 24 баласы бар.  
Әр баланың меншігінде  
Алпыстан танасы бар.  
*(Бір тәулік)*

Көкте ұйысқан жабағы,  
Бірде су боп тамады,  
Бірде бу боп қараңғы,  
Бірде қар боп жауады.  
*(Бұлт)*

Ақ көбелек қонақтап,  
Жер жамылды тон  
аппақ.  
*(Қар)*

Қыста үйіледі,  
Көктемде сұйылады.  
*(Қар)*

Көктен жетеді,  
Шөпке сүңгіп кетеді.  
*(Жаңбыр)*

Көрінбей көзге,  
Тынымсыз кезбе  
Маза бермес түзге.  
*(Жел)*

Түбітпенен алысқан  
Ақырғанда арыстан,  
Сілекейі шашырап,  
Су боп тамды ғарыштан.  
*(Күннің күркіреуі)*

Қоқыстарды үйіреді,  
Құмнан ұршық иіреді.  
*(Құйын)*



Тындырған адам  
жұмысын  
Білесің бе,  
Жердегі ай туысың?  
(Орақ)

Ағаш білегі,  
Болат жүрегі.  
(Күрек)

Іші кепсе жүгіреді,  
Желі кетсе бүгіледі.  
(Доп)

Шалғыны қырда,  
Қалтамда бар тырма.  
(Тарақ)

Төмпештеп төбесінен,  
Жерге тығар денесімен.  
(Балға)

Суда көпіреді,  
Кірді кетіреді,  
Өзін құртып өкінеді.  
(Сабын)

Жерден өнген доп  
Қашады  
Желден өңмеңдеп  
(Қаңбақ)

Жерде өскенде шөп,  
Жел ескенде доп.  
(Қаңбақ)

Шөлге де берік,  
Желге де берік,  
Дәрі - тамыр, бұтағы  
Қырдың нағыз жұпары.  
(Жусан)

Басын жер астына  
тығып жатыр,  
Шашы жер бетіне  
шығып жатыр.  
(Пияз)

Құм ішінде басы,  
Төбесінде шашы.  
(Сәбіз)

Діні садақтың оғы,  
Түбі тамақтың дәмі.  
(Жуа)

Байланған желісі бар,  
Жайылар өрісі бар.  
Жесең жұмсақ жемісі  
бал.  
(Қарбыз)

Ағашта өскен шымыр  
тас,  
Ортасында шырынды ас.  
(Жаңғақ)

Орманда өскен шатырды,  
Қуырсаң бал татыр-ды.  
(Саңырауқұлақ)

Жолдың қос қапталы  
Тікенегі удай тал,  
Иттен жаман қапқаны.  
(Қалақай)

Жер бетіне бір шықпай,  
Су түбінде тұншықпай  
Заулайтын кім  
ұршықтай?  
(Балық)

Ірі денесі -  
Тұздің кемесі,  
Жонында бар екі төбесі.  
(Түйе)

Аузы аспандай,  
Тісі бақандай,  
Қарны қабақтай,  
Денесі қойтастай,  
Суда аунар ойқастай.  
(Бегемот)

Сызып ызған тоны бар,  
Күзірейген жоны бар.  
(Жолбарыс)

Тұмсығы қашау,  
Кәсібі - ұя жасау,  
Ағашты қорғап,  
Зиянкесті асау.  
(Тоқылдақ)

Түнде ұшқан,  
Қанатты тышқан.  
(Жарқанат)

Жүгірсе қашаған,  
Бүгілсе ошаған.  
(Кірпі)

Тұмсығында түймесі  
бар,  
Шаншып алған үстіне  
Толып жатқан инесі  
бар.  
(Кірпі)

Шымыр керім -  
Жұмыр өрім.  
(Жылан)

Түйіршікті жалмайды,  
Бірақ өзі  
Қиыршық та алмайды.  
(Диірмен)

Үңгірде тұрады,  
Келгенін қырады.  
(Тіс)

Он екі ақ,  
Он екі қара бала,  
Алаңға шығып ап,  
Айқасты дара-дара.  
(Дойбы)

Түтіктен зулап шығады,  
Діттегенін жығады.  
(Оқ)

Қарны тойса кампияды,  
Тоймаса жалпияды.  
(Қап)

Қос құлағы бар, басы  
жоқ,  
Қарны дәу, асы көп.  
(Қазан)

Жыл он екі ай іші  
қыс,  
Тең келмес оған еш  
ыдыс.  
(Тоңазытқыш)

Жерден қазылған күбі,  
Бұлақ аршылған түбі.  
(Құдық)

Белін буған,  
Қоқысты қуған.  
(Сыпырғыш)

Көрінетін түз,  
Сусыз қатқан мұз.  
(Әйнек)

Бір беті - тегіс,  
Бір беті - егіс.  
(Тон)

Қорапқа қамалып,  
Айтары жаңалық.  
(Радио)

Жүзбе-жүз жолықтым,  
Тілдесе алмай  
торықтым.  
(Сурет)

## ҚОЯН ЖӘНЕ ТӨРТ ТҮЛІК ЖАЙЛЫ ЕРТЕГІ

### I

Сонау ерте, ертеде,  
Таудай екен өр төбе.  
Бір дөй қоян өтіпті,  
Құмды мекен етіпті.

Онда қоян қорқуды,  
Білмепті еш толқуды.  
Мекен бөліп алыпты,  
Өзі қожа болыпты.

Қалқитып қос құлағын,  
Еркін жортып тұрағын,  
Үлпіл қақпай жүрегі,  
Дәулетті өмір сүреді.

Аймағына адырлы,  
Танымал боп қадірлі,  
Таңдандырып жұртты,  
Билік етіп тұрыпты.

Жасыл жайлау тауына,  
Құс сайраған бауына,  
Тұнып тұрған жазықта,  
Құнары мол азыққа,  
Мөлдір сулы бұлаққа,  
Ойпаң, сайға, қыратқа,  
Сыңсып өскен орманға,  
Ие бопты бар маңға.

Қолдан билік бермеген,  
Бойын қуат кернеген,  
Ноян қоян сесінен  
Қорқып, танып есінен,  
Жер таппай жан қоярға,  
Бар жануар қоянға  
Қарайды екен жасқанып,  
Көздерінен жас тамып.

Қарсы келмей қоянға,  
Балапты оны ноянға.  
Түспеу үшін көріне,  
Қонақ етіп төріне,  
Жағыныпты бәрі де.  
Өзін-өзі ноян-ды  
Санап жүрген қоянды  
Түлкі алдай алмайды,  
Қасқыр жақын бармайды.  
Қарсақ қашып бұғынып,  
Ит үрмепті тығылып.  
Арыстан да айбатты,  
Көрсете алмай қайратты,  
Жасқаныпты жолбарыс,  
Жүріпті ылғи ол да алыс.  
Қоянға боп қорғаныс,  
Жасапты өркім қолғабыс.

Аймаққа аян айбыны,  
Білмеген соң қайғыны,  
Сөз асырмай басынан,  
Өжет өсіп жасынан,  
Дәу сөбізін кеміріп,  
Сауық құрып желігіп,  
Еш нәрседен тарықпай,  
Ешкімнен де қорықпай,  
Өмір сүріп думанды,  
Қоян еркін тұрған-ды.

— Жәбір көрмей ешкімнен,  
Тоғайда еркін өстім мен, —  
Деп қоян да төс керіп,  
Қояды екен сес беріп.

Болғасын ол шын батыр,  
Бәріне де тым батыл,  
Айбат шегіп есіріп,  
Сөйлейді екен есіліп.

Атты адамды желдірмей,  
Ешкімді де келтірмей,  
Күн-түн қорғап алапты,  
Тыныштықты қалапты.

## II

Күндердің бір күнінде,  
Кең сарайдай інінде,  
Аңыз ғып хас батырды,  
Шалқып-тасып отырды.

Бірде шығып далаға,  
Қарап сай мен салаға,  
Әрең сыйып теріне,  
Жайғасып кең төріне,  
Киімдерін шешініп,  
Екі аяқты көсіліп,  
Мұртын басып, қырынған  
Кезде сонау қырымнан,  
Таянған шақта екінді,  
Бұрқырап шаң көрінді.  
Қоян жалап ерінді,  
Сес көрсетіп тебінді:  
— Тыныш еді бұрын маң,  
Бұл кім маған ұрынған?  
Бейқам жатқан жеріме,  
Бас салмақ боп көрінеу,  
Кимелеген бұлар кім?  
Байлығыма құмар кім?  
Мына жазған асығып,  
Өңмеңдей ме басынып?  
Мұнысы не керемет,  
Көпке аян ек, ерен ек.  
Алатындай тағымды,  
Бұлар неғып қағынды? —  
Деп қалқиып құлағы,  
Дөңге көз сап тұрады,  
Алағызып көңілі,  
Жасқа толды өңірі.

Жонға қарай көрікті,  
Бір қора қой өріпті.  
Қалтап түге бетімен,  
Шөпті жайпап шетінен,

Нәрлілерін еркін жеп,  
Келе жатты еркіндеп.

— Бастырмайын қонысты,  
Тоздырмайын өрісті.  
Мына қойлар қаптаса,  
Мекенімді таптаса,  
Байлығымды шашады,  
Берекем де қашады.  
Мазамды алып пысқырып,  
Шошытады түшкіріп, —  
Деді қоян ысқырып,  
Айқай салды ышқынып.

Қара бұлттай қаптаған,  
Өріс шөбін таптаған,  
Жалмаңдаған қойларды  
Қайтаруды ойлады.

Мынау қойды қалайда,  
Қайтару да оңайға  
Түспесі анық,  
Алайда,  
Бұған керек бір айла.  
Қоян қарап қыр-ойға,  
Батты дерсің бір ойға:

— Әуел мақтап алайын,  
Көңіл қыбын табайын.  
Сосын байқап аужайын,  
Бөрі бар деп айтайын.  
Талай-талай қас қылған,  
Қорқады қой қасқырдан.  
Ата жаудан сасады,  
Кері қарай қашады.  
Маған аузын ашпайды,  
Қорық жаққа баспайды...

Ойын естіп қорытып,  
Қоян шықты жорытып.  
Қойға қоян жақындап,  
Былай деді тақылдап:

— Пышау-пышау, қоңырым,  
Қулық білмес момыным,

Жәудір көзді момақан,  
Қандай әйбат қошақан.  
Жүні қарыс тоны бар,  
Тақтай сынды жоны бар,  
Ай мүйізді ақ қошқар,  
Қой көсемі топ бастар.  
Шөре, шөре, ақ серке,  
Шүйдесі дәу шот желке,  
Қарағайдай мүйізің,  
Бір қотанның биісің.  
Бабаң сенің сері еді,  
Қой да саған ереді.  
Қазір де аяп есіркеп,  
Тұрмын сені, кешір тек.  
Тоғайда жүр төрт бөрі,  
Төртеуі де көк бөрі.  
Олар кепті қашықтан,  
Жемтік іздеп асыққан,  
Көп күн бойы ашыққан,  
Қалдырмайды қасық қан.  
Бұған күмән келтірмен,  
Талай малды өлтірген,  
Азулы ғой қасқырың,  
Ол албасты басқырың,  
Құмар қастық істеуге.  
Сөз айтуға, хош деуге  
Мұршаңды да келтірмей,  
Жібермейді өлтірмей.  
Өздері аш шетінен,  
Мен сендерден өтінем,  
Бұл қорыққа келмеңдер,  
Қойшы айдаса көнбеңдер.  
Аш бөрілер өңмеңдер,  
Жемейді деп сенбеңдер,  
Қасқырдың көп айласы,  
Өткір тісі — найзасы  
Тамағыңды орады,  
Қарыныңды жарады.  
Қоңыр қой-ау, қоңыр қой,  
Бұл бөрілі өңір ғой.  
Ендігәрі абайла,  
Келмеңдер бұл маңайға, —  
Деді қоян иіліп,  
Қабағы сәл түйіліп,

Ернін тілмен жалады,  
Батырсынып қарады.

Сонда шекшек бастаған,  
Бұрын аузын ашпаған,  
Маңдайының дөңі бар,  
Алақандай меңі бар,  
Ай мүйізді ақ қошқар,  
Сақа саулық топ бастар,  
Алға шығып маңырап,  
Былай деді жамырап:

— Қоян, қоян, қояным,  
Қонысы бар нояным,  
Мына жатқан қорыққа,  
Біз келді деп қорықпа.  
Сен де бізді тыңдағын,  
Құр таршылық қылмағын.  
Жер сыйлаған ырыс-құт,  
Ала білсек дұрыс қып,  
Бәрімізге жетеді,  
Ұрпаққа да кетеді.  
Ортақ болсын қазына,  
Келіп қалдық құмартып,  
Жасағын бір жомарттық.  
Осы байтақ өңірде,  
Тынбай жортар іңірде,  
Қасқыр барын білеміз,  
Тәуекел деп жүреміз.  
Соны өріске келеміз,  
Шүйгін шөпке енеміз.  
Бұлтың қағып мүшеміз,  
Бұлағынан ішеміз,  
Қоң жинайтын денеміз  
Отты жерге неге біз  
Жайылмаймыз,  
Қашамыз,  
Неменеден сасамыз.  
Шопан ата — киеміз,  
Оған басты иеміз.  
Бағып-қаққан иеміз,  
Адамды да сүйеміз,  
Олар тұрған кезінде,  
Үрей келмес сезімге,  
Ит-құсқа да бермейді,





Ақ қанжарын сермейді.  
Шопан ата таяғын,  
Көрсө қасқыр таяды.  
Жемтік таппай бағы ұшқан,  
Қарны ашып қабысқан,  
Жей қоям деп асығып,  
Бөрі келсе ашығып,  
Ай мүйізбен сүземіз,  
Омыртқасын үземіз.  
Кете алмайды ол құтылып,  
Терісін ап сыпырып,  
Шопан ата сүйетін —  
Болады ішік киетін.  
Бейқам жүрер момақан,  
Қоңыр қозым, қошақан.  
Тұяқтары күмістей,  
Жүні жылтыр пүліштей,  
Секіруге құмар-ақ,  
Лақтар да шұбар, ақ  
Бауырға еркін енеді,  
Балдай сүтін емеді,  
Айдарын жел еседі,  
Ойнақ салып өседі.  
Солай, қоян, қарағым,  
Бізді досқа балағын.  
Мынау жатқан қорық бай,  
Жайыламыз қорықпай...

Бұған қоян келіспей,  
Тұрды біраз беріспей.  
Қанын тартып ішіне,  
Сыр білдірмей кісіге.  
Қысып тұрып құйрықты,  
Қоян әбден ширьқты.  
Қойлар оған жақындап,  
Сөз сөйледі тақымдап:

— Мынау өлке өрісін  
Бағып-қаққан ер ісің.  
Зая етпей,  
Бірігіп,  
Танытпай-ақ ірілік,  
Ақ ниетке лайық,  
Тату-тәтті тұрайық,  
Бөліп жейік жемісін, —  
Деп сұрасақ келісім,

Қос құлағың қайқайып,  
Оған тұрсың қиқайып.  
Ойың, қарақ, сезілді,  
Тауса бермей төзімді,  
Шығын етпей сөзіңді,  
Жоғалт көне, көзіңді, —  
Деп ақ қошқар мүйізді,  
Қоя салып күйісті,  
Сүзбек болып тап берді.  
Қоян қорқып жалт берді,  
Діріл қағып жүрегі,  
Шалқар көңіл жүдеді.

Қаптаған қой көп тегі,  
Қоянды елең етпеді,  
Өріске кен беттегі,  
Жөңкіле кеп беттеді.  
Қаптай өріп жан-жаққа,  
Қызыл күрең жантаққа,  
Бозғылт тартқан жусанға,  
Тапжылжымай қусаң да,  
Тұмсық тығып жайылды,  
Еркін күйіс қайырды.  
Саяғы тыным таппады,  
Шүйгін шөпті таптады.

Бұған қоян қорланып,  
Ашу қысып, долданып,  
Сан тарау боп ой-дағы,  
Зығырданы қайнады.  
Құлақтары шуылдап,  
Беті қызды дуылдап,  
Еріндері жыбырлап,  
Сөйледі іштен сыбырлап:  
"Қойлар мені тыңдамай,  
Басынғаны бұл қалай?  
Меншік жер ғой бұл маңай,  
Байлығын мен бұлдамай,  
Жүруші едім ешкімге,  
Шолып қойып кешкінде.  
Мынасы дәп менмендік,  
Әлде кімге сенгендік?  
Бұл қылықты білсе егер,  
Не деймін ел күлсе егер?"  
Өстіп қоян қорынып,  
Ашу қысты торығып.

Қабақ шытып жабығып,  
Ойға батты қамығып.  
Қой жайлады өңірді,  
Қоян сәбіз кемірді.

### III

Күндердің бір күнінде,  
Сарайдай ін түбінде,  
Қоян жатты мұңайып,  
Көзі ілініп, тыңайып  
Қалған екен шамалы,  
Таудың соғып самалы,  
Көңілі бір сәт желікті,  
Әр нәрсеге елікті.  
Денесі де ысыды,  
Кетік тісі қышыды.  
Ұзын сүңгі төрізді,  
Қытырлатып сәбізді,  
Қарап қойып айнаға,  
Отыр еді жай ғана.  
Алаңдатып көңілді,  
Дүбірлетіп өңірді,  
Тосын дыбыс құлаққа,  
Естілген соң  
Қыратқа  
Көз жіберді алаңдап.  
Бірдемелер қараңдап,  
Шаң көрінді алыстан.  
Қарғып түсіп ғарыштан,  
Қоныс іздеп жарысқан,  
Бір-бірімен алысқан,  
Көріп түйе тобырын,  
Сезіп жемге обырын,  
Қоян тағы жасыды,  
Көк желкесін қасыды.

— Мына маңғаз түйелер,  
Әлде кімге сүйенер.  
Қаңбақ өспес шөлінде,  
Сортаң тартқан белінде,  
Жүре бермей тегінде,  
Не бар менің жерімде.  
Мазамды алып бақырып,  
Өріс шөбін жапырып,  
Қалыңды тың жарады-ау,

Берекемді алады-ау, —  
Деді қоян ойланып.

— Сыртқа шығып бой жазып,  
Басшысына жолығып,  
Сөйлесейін, ол ұғып,  
Түсінер іс байыбын,  
Менің жоқ қой айыбым.  
Қонысыма қаптама,  
Жөн-жосықсыз таптама, —  
Деп асықпай маң басқан,  
Шудаларын шаң басқан,  
Түйелерді қиырдан,  
Дұрыс болар қайырған.  
Түйе мойыс алайда,  
Бой бермейді оңайға.  
Бірақ бұған қалайда,  
Табу керек бір айла.  
Қоян қарап қыр-ойға,  
Тағы батты бір ойға:  
— Мұны да бір мақтайын,  
Әдептілік сақтайын.  
Жүрмеу үшін "қап-ай" деп,  
Алды-артын абайлап,  
Біліп әуел көмейін,  
Сырын тартып көрейін,  
Ну тоғайда тайдайын,  
Қасқыр бар деп айтайын,  
Шеттерінен үрейлі,  
Бас салады, ірейді.  
Сақтаныңдар, жақыным,  
Байқап жүргін, ақырын,  
Демейді олар аяйын, —  
Деп ескертіп қояйын.  
Талай-талай қас қылған,  
Түйе қорқар қасқырдан.  
Егер алса бөрі ерік,  
Ернін тістеп шөгеріп,  
Шөл далада кейде кең  
Түйені де жейді екен, —  
Десем олар сасады,  
Кері қарай қашады.  
Маған аузын ашпайды,  
Қорық жаққа баспайды...  
Ойын өстіп қорытып,  
Қоян шықты жорытып.

Түйелерге жақындап,  
Былай деді ол тақылдап:

— Кәуіс, кәуіс, маң басқан,  
Түйелерім паң басқан,  
Төрт түліктің төресі,  
Шөл даланың кемесі,  
Тұратұғын жел өтпей,  
Жүні жұмсақ жібектей,  
Ем болатын қуаты,  
Қандай дәмді шұбаты, —  
Деп ел сені мақтайды,  
Беттеріңнен қақпайды.  
Өздеріңді есіркеп,  
Ескертемін, кешір тек.  
Ал шынымды айтайын,  
Тоғайда жүр тайдайын,  
Жалаңдаған төрт бөрі,  
Төртеуі де көк бөрі.  
Кәуіс-кәуіс, түйелер,  
Түрі жаман — түйе жер,  
Әбден кеткен бетімен,  
Өздері де аш шетінен.  
Шошақ өркеш нарларым,  
Несін айтам ар жағын,  
Кемедей боп қарайып,  
Мойындарың сорамайып,  
Бойың асып қамыстан,  
Көрінесің алыстан.  
Қасқыр келсе қаласың,  
Таба алмай панасын,  
Нар түйе мен ақ тайлақ,  
Айдаса да қақпайлап,  
Бұл қорыққа келмеңдер.  
Арбаң-арбаң желмеңдер,  
Қалыңға еркін енбеңдер,  
Ащы шөп жоқ сендер жер.  
Аш бөрілер өңмеңдер,  
Жемейді деп сенбеңдер.  
Қасқырдың көп айласы,  
Өткір тісі — найзасы  
Жырып мұрын, ерінді,  
Үзеді нар-беліңді.  
Сілекейін шұбыртып,  
Шөгереді тұқыртып.  
Қаласыңдар өкініп,  
Тағы да айтам өтініп,

Ендігәрі абайла,  
Жолама бұл маңайға, —  
Деді қоян иіліп,  
Қабағы сәл түйіліп,  
Ернін тілмен жалады,  
Батырсынып қарады.

Сонда Ақ нар бастаған,  
Бұрын аузын ашпаған,  
Түйе біткен бақылдап,  
Былай деді бапылдап:

— Қоян, қоян, қояным,  
Қонысы бар нояным,  
Мына жатқан қорыққа,  
Біз келді деп қорықпа.  
Сен де бізді тыңдағын,  
Құр таршылық қылмағын.  
Жер сыйлаған ырыс-құт —  
Ала білсек дұрыс қып,  
Бәрімізге жетеді,  
Ұрпаққа да кетеді.  
Ортақ болсын қазына,  
Саған жасап базына,  
Келіп қалдық құмартып,  
Жасағын бір жомарттық.  
Осы байтақ өңірде,  
Тынбай жортар іңірде,  
Қасқыр барын білеміз,  
Тәуекел деп жүреміз.  
Ұзын мойын түйеміз,  
Сортаң жерді сүйеміз.  
Көкті тіреп төбеміз,  
Маң-маң басып келеміз.  
Маза бермей кенеміз,  
Көк тікенге енеміз.  
Суға сирек түсеміз,  
Айына бір ішеміз.  
Қоң жинайтын денеміз,  
Отты жерге, неге біз  
Жайылмаймыз,  
Қашамыз?  
Неменеден сасамыз?  
Ойсыл қара — киеміз,  
Оған басты иеміз.  
Бағып-қаққан иеміз,

Адамды да сүйеміз.  
Олар жүрген кезінде  
Үрей келмес сезімге.  
Ит-құсқа да бермейді,  
Ақ қанжарын сермейді,  
Ойсыл қара сойылын,  
Көрсө қасқыр айылын  
Жия алмай сасады,  
Бой тасалап қашады.  
Жемтік таппай бағы ұшқан,  
Қарны ашып қабысқан,  
Бөрі келсе ашығып,  
Жей қоям деп асығып,  
Түк емес ол немеңіз,  
Қос аяқпен тебеміз.  
Доптай ұшып,  
Тыраңдап,  
Тұра алмас бұраңдап.  
Қасқөй көзін оямыз,  
Тұқымын да жоямыз.  
Сазайын да береміз,  
Терісін ап кереміз,  
Түйеші ата сүйетін —  
Болады ішік киетін.  
Бота, тайлақ маң басып,  
Үлектер де қом басып,  
Жайылса еркін өріске,  
Кім шығарар теріске.  
Балдай сүтін емеді,  
Түлейді, өсіп-өнеді.  
Бізбен сен де келіс те,  
Шөлейтті бер, керіспе!  
Солай, қоян, қарағым,  
Бізді досқа балағын,  
Мынау жатқан қорық бай,  
Жайылайық қорықпай.

Бұған қоян келіспей,  
Тұрды біраз беріспей.  
Қанын тартып ішіне,  
Сыр білдірмей кісіге,  
Қысып тұрып құйрықты,  
Әжептәуір ширықты.  
Сосын Ақ нар жақындап,  
Сөз сөйледі аңқылдап:

— Мынау өлке өрісін  
Бағып-қаққан ер ісің.  
Бұл өзі бір ірілік,  
Деп бағалап бірігіп,  
Ақ ниетке лайық,  
Тату-тәтті тұрайық.  
Бөліп жейік жемісін, —  
Деп сұрасақ келісім,  
Құлағыңды жымқырып,  
Ерніңді де қымқырып,  
Ұрыттарың салпыып,  
Шегінесің шалқиып.  
Ойың, қарақ, сезілді,  
Тауса бермей төзімді,  
Шығын етпей сөзіңді,  
Жоғалт көне, кәзіңді, —  
Деді түйе бақ етіп,  
Аузын кере бап етіп,  
Мойнын созып паң басты,  
Қоян қорқып деңді асты.  
Діріл қағып жүрегі,  
Тағы жаман жүдеді.

Түйелер де маң басып,  
Өркештерін қом басып,  
Қоянды елең етпеді,  
Қорық жаққа беттеді.  
Қара сора беттегі  
Қаптап өскен көп тегі.  
Тұмсық тығып жайылды,  
Еркін күйіс қайырды.  
Көк тікенді мақтады,  
Майса шөпті таптады.

Қоян оған қорланып,  
Ашу қысып, долданып,  
Сан тарау боп ой-дағы,  
Зығырданы қайнады.  
Құлақтары шуылдап,  
Беті қызды дуылдап,  
Еріндері жыбырлап,  
Сөйледі іштен сыбырлап:  
— Кеше қойлар қаптады,  
Өріс шөбін таптады.  
Бүгін түйе бағынбай,

Маң-маң басып адымдай,  
Кетті еркін жайылып,  
Жатыр күйіс қайырып.  
Көп қатырып басымды,  
Бұлар неге басынды? —  
Деп қоян бір жасыды,  
Құлақ түбін қасыды,  
Сөзі өтпей қорынып,  
Ашу қысып торығып,  
Қабақ шытып жабығып,  
Ойға батты қамығып.

Қой мен түйе семірді,  
Еркін жайлап өңірді.  
Қоян жүрді долданып,  
Көк сәбізін қолға алып.

## ІҮ

Күндердің бір күнінде,  
Жүдеу тартып інінде  
Жатқан қоян жабығып,  
Сыртқа шықты қамығып.  
Күйінді де намысқа,  
Тығылды кеп қамысқа.  
Көлдің бойын жағалап,  
Көлеңкені сағалап,  
Көк сәбізін жеп алып,  
Жатыр еді дем алып,  
Дүбірлетіп даланы,  
Жылқы ойнақ салады.  
Көл жағасы ұнайды,  
Суға келіп құлайды.

— Алатындай тағымды,  
Тағы кімдер қағынды.  
Мұнысы не керемет,  
Көпке аян, ерен ек.  
Бағаламай құнымды,  
Бір уыс қып күнімді,  
Мал да жүрмей жөніне,  
Билеп-төстеп төріме  
Еркін шығып барады.  
Зауалын кім табады? —  
Деп қалқиып құлағы,

Дөңге көз сап тұрады,  
Босап кетіп көңілі,  
Жасқа толды өңірі.

— Мына жылқы шұрқырап,  
Қайдан келді құлдырап.  
Жүре бермей тебінде,  
Не бар менің жерімде.  
Мазамды алып кісінеп,  
Бөгет жасап ісіме,  
Өз жеріндей бұл аймақ,  
Тұнық суды лайлап,  
Шұрай жерді тебіндеп,  
Шөпті құртар тегін жеп.  
Соны еді жон үсті,  
Тоздырады-ау қонысты.  
Жалтылдатқан жалдарын,  
Жылқыларды салқарын  
Қуып шығып сабаттан,  
Дұрыс болар қаматқан.  
Саяқ жылқы алайда,  
Көне қоймас оңайға.  
Бірақ бұған қалайда,  
Табу керек бір айла.  
Қоян қарап қыр-ойға,  
Батты тағы бір ойға:

— Мұның бірін тұлпар деп,  
Қол жетпейтін сұңқар деп,  
Сәйгүліктің санаты,  
Атанған ер қанаты,  
Жылқысың, — деп мақтайын,  
Әдептілік сақтайын.  
Бұлар қорқар қасқырдан,  
Білем талай қас қылған.  
Арыстандай алымды,  
Жолбарыстай қарымды,  
Қаптап жүрген тоғайда,  
Құтқармайтын оңай да,  
Қасқыр бар деп айтайын,  
Басымды бір шайқайын.  
Олар сонда сасады,  
Кері қарай қашады.  
Маған аузын ашпайды,  
Қорық жаққа баспайды...

Ойын естіп қорытып,  
Жолға шықты жорытып,  
Жылқыларға жақындап,  
Былай деді тақылдап:

— Моһи, моһи, жүйрігім,  
Сүлік мүсін сүйрігім,  
Бұлаң құйрық желісті,  
Жүрісі де келісті,  
Төрт аяғын тең салып,  
Орғып кетсең кең шалып,  
Тақ тұяқпен табандай,  
Ілінгендей қабаққа ай,  
Іздер тастап тақырға,  
Дүбір салып адырға,  
Топ-тобыңмен үйірлі,  
Кезіп келсің қиырды.  
Ішіңде бар кәрі айғыр,  
Саба бие, сақа айғыр,  
Қасқыр қуған жас айғыр,  
Құлыншақтар құлдырап,  
Қоңырауы сылдырап,  
Алтын тұлым тайың бар,  
Бұл жерден тез тайыңдар.  
Арыстандай адымды,  
Жолбарыстай қарымды.  
Тоғайда жүр төрт бөрі,  
Төртеуі де көк бөрі,  
Өздері аш шетінен,  
Мен сендерден өтінем,  
Бұл қорыққа келмеңдер,  
Дүбірлетіп желмеңдер,  
Айдағанға көнбеңдер,  
Қамысқа да енбеңдер,  
Аш бөріге сенбеңдер.  
Көрсен болды өңмеңдер,  
Қасқырдың көп айласы,  
Өткір тісі — найзасы  
Шиқ еткізіп жаныңды,  
Қақ тіледі жалыңды.  
Ақылымды ал тыңдап,  
Сабат жерде салқындап,  
Үйірсектік істемей,  
Бір-біріңді тістемей,  
Еркелікті қойыңдар.  
Болсақ мені мойындар,

Қасқыр келіп қалады,  
Ойран-топыр салады.  
Құлының бар, тайың бар,  
Жиналыңдар, тайыңдар,  
Қартаңың бар, жасың бар,  
Бірің қалмай қашыңдар,  
Алты қырдан асыңдар,  
Қашыңдар тез, қашыңдар, —  
Деді қоян иіліп,  
Қабағы сөл түйіліп,  
Ернін тілмен жалады,  
Батырсынып қарады.

Жылқы үйірін бастаған,  
Бұрын ауыз ашпаған,  
Айғыр жиып үйірін,  
Бүлкілдетіп бүйірін,  
Жал-құйрығын сипай кеп,  
Кісінеді былай деп:

— Қоян, қоян, қояным,  
Қонысы бар нояным,  
Мына жатқан қорыққа  
Біз келді деп қорықпа.  
Сен де бізді тыңдағын,  
Құр таршылық қылмағын.  
Жер сыйлаған ырыс-құт —  
Ала білсек дұрыс қып,  
Бөрімізге жетеді,  
Ұрпаққа да кетеді.  
Ортақ болсын қазына,  
Саған жасап базына,  
Келіп қалдық құмартып,  
Жасағын бір жомарттық.  
Осы байтақ өңірде,  
Тынбай жортар іңірде,  
Қасқыр барын білеміз,  
Тәуекел деп жүреміз.  
Біз сияқты жүйрікті,  
Асыл қылды құйрықты,  
Төртеу емес бес бөрі  
Келседағы,  
Еш бөрі  
Жей алмайды, жеңбейді,  
Сен бе мейлі, сен мейлі.  
Бөріге әрі көнбейді,

Қамшысы бар білектей,  
Айбалтасы күректей,  
Сойылы бар саптаған,  
Бәйге атын баптаған,  
Жылқышы ата — киеміз,  
Оған басты иеміз.  
Бағып-қаққан иеміз,  
Адамды да сүйеміз.  
Олар баққан кезінде,  
Үрей келмес сезімге.  
Жылқышының құрығын,  
Көрсө қасқыр:  
— Құрыдым, —  
Деп бүкшеңдеп зытады,  
Қабағын да шытады.  
Өзіміз де мықтымыз,  
Ешкімнен жоқ ыққымыз.  
Аптапта көл жағалап,  
Сабат жерді паналап,  
Салқын тартып денеміз,  
Құраққа да енеміз.  
Арман еткен бабамыз,  
Жайлы қоныс табамыз.  
Біздің мәлім бағамыз,  
Тастан таймас тағамыз.  
Қасқыр келсе төнеміз,  
Қос аяқпен тебеміз,  
Оған неге көнеміз?  
Күшімізге сенеміз,  
Қашсақ озып кетеміз,  
Қусақ демде жетеміз.  
Тұяқтары күмістей,  
Жүні жылтыр пүліштей,  
Қоңырауы сылдырап,  
Ойнақ салған құлдырап,  
Құлын, тайға қорғанбыз.  
Қасқырдан да зордан біз,  
Үркіп қашпай, қорықпай,  
Жайыламыз жарықта ай.  
Айдарынан жел еседі,  
Төлім түлеп өседі.  
Солай, қоян, қарағым,  
Бізді досқа балағын.  
Мынау жатқан қорық бай,  
Үйездейміз қорықпай.

Қоян оған келіспей,  
Тұрды біраз беріспей.  
Қанын тартып ішіне,  
Сыр білдірмей кісіге,  
Қысып қойып құйрықты,  
Көпке дейін ширықты.  
Оған жылқы жақындап,  
Сөз сөйледі тақымдап:

— Өркенді өлке өрісін,  
Бағып-қаққан ер ісің.  
Енді біздер бірігіп,  
Танытпай-ақ ірілік,  
Баршамызға лайық,  
Тату-тәтті тұрайық,  
Бөліп жейік жемісін, —  
Деп сұрасақ келісім,  
Жақтырмайсың күбірлеп,  
Қабақ шытып дігірлеп,  
Біз келгенде күтініп,  
Дандайсисың күпініп.  
Құлағыңды жымқырып,  
Ерніңді де қымқырып,  
Үрттарың салпиып,  
Шегінесің шалқиып.  
Бұлаңдатып құйрықты,  
Бізге берме бұйрықты.  
Ендігі ойың белгілі,  
Келтірме көп күлкіні,  
Шығын етпей сөзіңді,  
Жоғалт кәне, көзіңді,  
Тауып ал өз теңіңді, —  
Деп торы айғыр тебінді,  
Кәрі айғыр да тап берді,  
Күрең құнан шап берді.

Қоян байқұс қорықты,  
Тағы жылап торықты.  
Қашты дереу құлдырап,  
Алыс кетті бұлдырап,  
Дүрсілдеді жүрегі,  
Қайғысы да үдеді.

Жылқылар сол заматта,  
Шұрқырасып сабатта,  
Жал-құйрығы жалтылдап,

Тұра берді салқындап,  
Кешке шықты адырға,  
Дала толды дабырға.  
Үйірсектік істеді,  
Бірін-бірі тістеді.  
Жердің шөбін тегін жеп,  
Тойынды әбден тебіндеп.  
Жонның шаңы бұрқырап,  
Жылқы жатты шұрқырап.

Қоян оған қорланып,  
Ашу қысып, долданып,  
Сан тарау боп ой-дағы,  
Зығырданы қайнады.  
Құлақтары шуылдап,  
Ұяттан беті дуылдап,  
Қағып тұрып дәлдірек,  
Қос жанары мөлдіреп,  
Еріндері жыбырлап,  
Сөйледі жай сыбырлап:

— Жылқы неге басынды,  
Дал-дал етіп басымды.  
Қой, түйе, жылқы бар,  
Оларды енді кім қуар.  
Маған қандай күн туар?  
Қызықты өмір кілт тынар,  
Мезгіл әлде жетті ме?  
Бал дәуренім өтті ме? —  
Деді қоян торығып,  
Еркіндікке зарығып,  
Назаланып жасыды,  
Құлақ түбін қасыды.  
Жымқырып ап ерінді,  
Көк сәбізді кемірді.

## Ү


Күндердің бір күнінде,  
Қоян таппай інін де,  
Қан-сөл жоқ өң-түрінде,  
Мол байлықтың бірін де,  
Ұстай алмай түгінде,  
Жатты томар түбінде.  
— Кімге арқа сүйеймін,  
Енді қайда түнеймін,  
Қайтіп өсіп, түлеймін?

Тап болды ғой дүлей күн, —  
Деді қоян мұңайып,  
Тартқандай-ақ мың айып.

Көлді қоян жағалап,  
Шеңгел түбін сағалап,  
Біраз жерді жортады,  
Кенет тағы қорқады.  
Шаңға көміп қиырды,  
Шұбап өрген сиырды,  
Көрді дағы шошынды:  
— Бұлар неге басынды?  
Алатындай тағымды,  
Сиыр неге қағынды?  
Жүрістері тым суыт,  
Келеді екен кім қуып?  
Өгіздері өкіріп,  
Тайыншасы секіріп,  
Бұзаулары балпаңдап,  
Бұқалары талтаңдап,  
Қарашы еркін енуін.  
Керек менің көнуім  
Бұған қалай, бақыр-ау,  
Неткен сұмдық, апыр-ау? —  
Деп қалқиып құлағы,  
Дөңге көз сап тұрады,  
Еппен басып қутыңдап,  
Елеңдеді тың-тыңдап,  
Босап кетіп көңілі,  
Жасқа толды өңірі.  
Екі көзі кіртііп,  
Мойны қалды қылқиып.

— Мынау табын сандаған,  
Ойнақтайды, ей, оңбаған,  
Ашылғандай араны,  
Қайда тартып барады.  
Тыныш жатқан атырап,  
Бара жатыр қақырап.  
Жердің беті сөгіліп,  
Шаңға қалды-ау көміліп,  
Шүйгін еді жол үсті,  
Тоздырады-ау қонысты.  
Сенім артып күшіне,  
Бөгет жасар ісіме.  
Өлең менен селмені





Күйсетіп жеп, ол мені  
Бір-ақ күнде жұтатар,  
Көп алдында мұқатар,  
Қарамайын көркіне,  
Жібермейін еркіне,  
Айдап шығып құрақтан,  
Асырайын қыраттан.  
Бұл мөліктер алайда,  
Көне қоймас оңайға.  
Бірақ бұған қалайда,  
Табу керек бір айла.

Қоян қарап қыр-ойға,  
Батты тағы бір ойға:

— Ешкімге дес бермеген,  
Желінін сүт кернеген,  
Шақырақтай мүйізі,  
Кебежедей бүйірі,  
Төрт түліктің бірісің,  
Сен де өзіңше ірісің, —  
Деп сиырды мақтайын,  
Ерегісіп жатпайын,  
Сөзімді де баптайын,  
Әдептілік сақтайын.  
Сөйтіп тілін табайын,  
Аузын дереу жабайын.  
Сиыр қорқар қасқырдан,  
Білем талай қас қылған.  
Арыстандай алымды,  
Жолбарыстай қарымды,  
Әрқайсысы танадай,  
Көзі жанған шарадай,  
Қаптап жүрген тоғайда,  
Құтқармайтын оңайда,  
Қасқыр бар деп айтайын,  
Басымды бір шайқайын.  
Олар сонда сасады,  
Кері қарай қашады.  
Маған аузын ашпайды,  
Қорық жаққа баспайды...

Қоян өстіп қорытып,  
Жолға шықты жорытып,  
Қаһарланып, толғанып,

Батырларша қомданып,  
Қабағын сәл шытынып,  
Алды дағы жұтынып,  
Сиырларға жақындап,  
Былай деді тақылдап:

— Әукім, әукім, әукешім,  
Қатпар, қатпар әукесін  
Жалап өскен сиырым,  
Тым көп екен шиырың.  
Шүйкелері білеудей,  
Төрт аяғы тіреудей,  
Зеңгі баба әулеті, —  
Бұқаларың дәу тегі.  
Шабан басқан өгізің,  
Осы болар семізің,  
Тайыншалар секіріп,  
Тана, бұқа өкіріп,  
Соңында жүр қорқағың,  
Тайраңдаған торпағың.  
Бәрің қайда өрдіңдер,  
Бұл жер емес еркіндер,  
Сендерді аяп есіркеп,  
Қазір тұрмын, кешір тек.  
Белгілі ғой хал-жайың,  
Обалыңа қалмайын,  
Тоғайда жүр төрт бөрі,  
Төртеуі де көк бөрі.  
Әрқайсысы танадай,  
Көзі жанған шарадай,  
Мен де қорқам қарадай.  
Маңына ешкім бара алмай,  
Жолбарыс та жасқанып,  
Кеше ғана қашты анық.  
Ақылымды тыңдаңдар,  
Пендешілік қылмаңдар,  
Бөрілер аш шетінен,  
Және кеткен бетімен.  
Көп мықтыны шіренген,  
Белін бүгіп жіберген.  
Қаңғып жүрген құтырып,  
Олар келсе жұтынып,  
Топ-тобыңмен тұтылып,  
Кете алмайсың құтылып.  
Беліңді де опырып,



Теріңді ірер сыпырып.  
Өлексеге даланы  
Толтырса да,  
Араны  
Тоймаған бір ашқарақ,  
Өзі мешкей масқара.  
Сондықтан мен өтінем,  
Жүре бермей бетіңмен,  
Тыныштықты бұзбаңдар,  
Құр бекерге қызбаңдар,  
Бұл қорыққа келмеңдер,  
Айдаса да көнбеңдер,  
Аш бөріге тап болып,  
Кетесіңдер жоқ болып.  
Қасқырдың көп айласы,  
Өткір тісі — найзасы  
Паршалайды теріңді,  
Ақтарады шегіңді.  
"Сүтін ішсе сарқатын,  
Бірақ түнде қорқатын,  
Таңқы мұрын тампиған,  
Қос танауы монтиған,  
Құлыққа жоқ шорқағым,  
Аман жүрсін торпағым,  
Өсіп-өнсін әукешім,  
Мен қасиын әукесін", —  
Дейтін болсаң төліңді,  
Алғын менің тілімді.  
Бәрің тездеп дайындал,  
Бұл арадан тайыңдар.  
Бірің қалмай кетіңдер,  
Шекарадан өтіңдер.  
Қасқыр келіп қалады,  
Ойран-топыр салады, —  
Деді қоян иіліп,  
Қабағы да түйіліп.  
Ернін тілмен жалады,  
Батырсынып қарады.  
Сиыр тобын бастаған,  
Бұрын аузын ашпаған,  
Шаңырақтай мүйізі,  
Бір табынға би өзі,  
Қасқа бұқа лепіріп,  
Былай деді өкіріп:  
— Қоян, қоян, қояным,

Қонысы бар нояным,  
Мына байтақ қорыққа  
Біз келді деп қорықпа.  
Сен де бізді тыңдағын,  
Құр таршылық қылмағын.  
Жер сыйлаған ырыс-құт —  
Ала білсек дұрыс қып,  
Бәрімізге жетеді,  
Ұрпаққа да кетеді.  
Ортақ болсын қазына,  
Саған жасап базына,  
Келіп қалдық құмартып,  
Жасағын бір жомарттық.  
Осынау кең өңірде,  
Тынбай жортар іңірде,  
Қасқыр барын білеміз,  
Тәуекел деп жүреміз.  
Өріс іздеп келеміз,  
Шүйгін шөпке енеміз.  
Бұлтың қағып мүшеміз,  
Мөлдір судан ішеміз.  
Қоң жинайтын денеміз,  
Отты жерге, неге біз  
Жайылмаймыз,  
Қашамыз?  
Неменеден сасамыз?  
Зеңгі баба — киеміз,  
Оған басты иеміз,  
Бағып-қаққан иеміз,  
Адамды да сүйеміз.  
Олар тұрған кезінде,  
Үрей келмес сезімге.  
Ит-құсқа да бермейді,  
Ақ қанжарын сермейді.  
Бақташының құрығын  
Қасқыр көрсе:  
— Құрыдым, —  
Деп бүкшендеп зытады,  
Қабағын да шытады.  
Өзіміз де мықтымыз,  
Ешкімнен жоқ ыққымыз.  
Өзен бойын жағалап,  
Ну қалыңды паналап,  
Күйсетеміз құрақты,  
Шөбі шүйгін қыратты,  
Суы мөлдір бұлақты,

Күнге күйіп жотамыз,  
Мекен етіп жатамыз.  
Қасқыр келсе сүземіз,  
Көк желкесін үземіз.  
Сиыр осал демесін,  
Мыжғылаймыз денесін.  
Дабыл қақсақ өкіріп,  
Бақташы да бекініп,  
Жетіп келер ілезде,  
Мәтібіміз бұл езге.  
Бұзауға да қорғанбыз,  
Қасқырдан да зордан біз,  
Үркіп қашып, қорықпай,  
Семіреміз борықтай.  
Солай, қоян, қарағым,  
Бізді досқа балағын.  
Мына жатқан қорық бай,  
Жайыламыз қорықпай.

Бұған қоян келіспей,  
Қанын тартып ішіне,  
Сыр білдірмей кісіге,  
Қысып қойып құйрықты,  
Көпке дейін ширықты.  
Оған сиыр жақындап,  
Сөз сөйледі тақылдап:

— Өркенді өлке өрісін,  
Бағып-қаққан ер ісің.  
Енді біздер бірігіп,  
Танытпай-ақ ірілік,  
Ақ ниетке лайық,  
Тату-тәтті тұрайық.  
Бөліп жейік жемісін, —  
Деп сұрасақ келісім,  
Жұқа ернің күбірлеп,  
Қабақ шытып діңгірлеп,  
Біз келгенде күтініп,  
Дандайсисың күпініп.  
Бұлаңдатып құйрықты,  
Бізге берме бұйрықты.  
Ендігі ойың белгілі,  
Келтірме көп күлкіні,  
Шығын етпей сөзіңді,  
Жоғалт көне, көзіңді.  
Жібермейтін кегіңді,

Тауып ал өз теңіңді, —  
Деді сиыр мәңгіреп,  
Жым-жырт болды төңірек.  
Бұқа мұрнын шүйірді,  
Мойны төмен иілді.  
Сүзбек болып оларды,  
Көздері де аларды.

Қоян байқұс қорықты,  
Тағы жаман торықты,  
Қашты дерсің құлдырап,  
Алыс кетті бұлдырап.  
Дүрсілдеді жүрегі,  
Қайғысы да үдеді.

Қаптап сиыр көп тегі,  
Қоянды елең етпеді.  
Қорыққа көк беттегі,  
Жөңкіле кеп беттеді.  
Қаптай өріп белеңге,  
Тұмсық тықты өлеңге.  
Орып жеді сүйрікті,  
Селмеге де шүйлікті.  
Саяғы тыным таппады,  
Шүйгін шөпті таптады,  
Мүйізdedі ақ жарды,  
Ну қамысты қақ жарды.  
Төсін керіп самалға,  
Бірі жусап шымалға,  
Бірі жатпай жайылды.  
Бірі күйіс қайырды.

Қоян оған қорланып,  
Ашу қысып, долданып,  
Сан тарау боп ой-дағы,  
Зығырданы қайнады.  
Қос жанары бұлдырап,  
Тұла бойы салдырап,  
Еріндері жыбырлап,  
Сөйледі іштен сыбырлап:  
— Дал-дал етіп басымды,  
Түлік түгел басынды.  
Оларды енді кім қуар,  
Маған қандай күн туар?  
Мұрша бермей бұлқынар,

Қызықты өмір кілт тынар,  
Мезгіл келіп жетті ме,  
Бал дәуренім өтті ме? —  
Деді қоян тарығып,  
Еркіндікке зарығып.  
Назаланып жасыды,  
Құлақ түбін қасыды.  
Түтікті сұр өңі де,  
Тарылғандай демі де,  
Жымқырып ап ерінді,  
Сәбізді өзгер кемірді.

## ҮІ

Күндердің бір күнінде,  
Бозғылт томар түбінде,  
Жас ағызып жанардан,  
Сансыз ойын қамалған  
Шығара алмай сыртына,  
Тыңдата алмай жұртына,  
Шекпей ешбір опаны,  
Қоян болды қапалы.

Қорықтың кең жеріне,  
Ауыл қонды төріне,  
Мал қаптады мыңғырып,  
Бұған қоян мың тұрып,  
Мың отырды бүлініп,  
Ашуланды жұлынып.  
Болмай қалды кешегі  
Қоянның ішкі есебі,  
Қызғаныштың кеселі,  
Көкірегін төседі.  
Бұған әрең төзеді,  
Үміт оты өшеді.  
Жауласудан жалығып,  
Күдер үзіп торығып,  
Жылдар бойы қорыған,  
Жерін беріп, арыған,  
Ешкімге жоқ қастығы,  
Қоянды тағы басты мұң:

— Малға толды атырау,  
Не болады, апыр-ау,  
Күн көрісім ендігі, —  
Деп те қоян зеңгіді.

Түлеп жатқан жерін кең  
Биледі деп көрінген,  
Ашуменен ашынып,  
Тамақ ішпей ашығып,  
Сәбізі де темірдей,  
Қойды сосын кемірмей.  
Қабақтары түксиіп,  
Қоян жатты бүкшиіп,  
Оны бүркіт өрелі,  
Тым алыстан көреді.  
Төніп қоян тұсына,  
Құлағының ұшынан,  
Өткір тырнақ іледі,  
Мықтап қысып бүреді.  
Қоянның шығып бар есі,  
Ұшты дерсің зәресі.  
Денесі де түршігіп,  
Көп қиналды күрсініп.  
Бүркіт қысып құлағын,  
Ағызды кеп бұлағын.  
Деміл-деміл ғажабы,  
Құлақтарын созады.  
Жан қинаған азабы,  
Беріп жатыр жазаны.  
— Бұл неғылған мазағы,  
Алды неге мазаны? —  
Деп қоян да қылқынды,  
Ауада әрең бұлқынды.  
Көзін жасқа бұлады,  
Булығып кеп жылады.

Сонда бүркіт сөйледі,  
Сөйлегенде бүйдеді:

— Өзіңше сап бүлікті,  
Жақтырмай төрт түлікті,  
Қасқыр бар деп үркітіп,  
Бәріне айтып бір күдік,  
Қумақ болдың аймақтан.  
Сес көрсетіп, қай уақтан,  
Атанып ең сен батыр,  
Сөйлеп едің сен батыл.  
Мазалап төрт түлікті,  
Жүргеніңді ел біліпті.  
Қорғаштап ең қорықты,  
Сенен кімдер қорықты?

Арқа сүйеп қасқырға,  
Мал біткенді жостырмақ,  
Ойың болды, білемін.  
Мекен еткен түбегің,  
Көпке ортақ қазына,  
Бұған жүрмес базына.  
Ал сен осы аймақты,  
Көрсетіп бар айбатты,  
Қорғаштадың, тырыстың,  
Бар түлікпен ұрыстың.  
Пейілдегі тарлықты,  
Зарлап даусың қарлықты.  
Түсірші өзің есіңе,  
Кімдер ықты сесіңнен.  
Айтшы кәне шыныңды,  
Кім жөн деді мұныңды.  
Білмей тұрып құныңды,  
Шақпа маған мұныңды.

Қоян ауыр күрсінді,  
Бастан кешіп бір сынды,  
Екі көзі алақтап,  
Денесі тұр салақтап,  
Төрт аяғы тыраңдап,  
Тыпырлады бұраңдап.  
Еріндері жыбырлап,  
Сөйледі жай сыбырлап:  
— Айналайын, бүркітім,  
Қанымды қи бір жұтым,  
Үнім шықпай буынып,  
Денем барад суынып,  
Айтсам егер шынымды,  
Тыңда, бүркіт, мұңымды:  
Төгіп маңдай терімді,  
Қорғап мекен жерімді,  
Мынау қалың тоғайда,  
Жүруші ем осы маңайда.  
Билік тиіп аз-ақ күн,  
Пендешілік жасаппын.  
Малға жасап таршылық,  
Білдірген ем қарсылық,  
Көп алдында сақ сынып,  
Өзімді ұрды бар шылық,  
Енді ойламай еш күдік,  
Төрт түлікті сес тұтып,

Өріс бір деп білейін,  
Араласып жүрейін,  
Кінәмді кеш, бүркітім,  
Қанымды қи бір жұтым,  
Өлтірмеші жастайын,  
Менмендікті тастайын,  
Малға қарсы баспайын,  
Мен аузымды ашпайын.  
Ауырды, ойбай, құлағым,  
Үзілді, үйбай, құладым.

... Қоян ауыр күрсінді,  
Бастан кешіп бір сынды,  
Екі көзі алақтап,  
Денесі тұр салақтап.  
Төрт аяғы тыраңдап,  
Тыпырлады бұраңдап.

Бүркіт түйіп қабақты,  
Кенеп қойды тамақты,  
Ашылғандай араны,  
Қоянға тік қарады.  
Сосын тартып құлағын,  
Берді былай сұрағын:  
— Егер айтсам шынымды,  
Сенің қағып жыныңды,  
Бір уыс қып күніңді,  
Өшірер ем үніңді,  
Білгің келсе бағаңды,  
Болғаның жөн табанды.  
Бұдан былай түлікті  
Үркітпе сап бүлікті.  
Сыйлайды олар адамды,  
Білсең сенің қараңды,  
Тұздай құрта алады,  
Тозақ отқа салады,  
Көнесің бе осыған?

— Бұдан, Бүке, шошынам! —  
Деді қоян өкініп.  
Жылап тұрып өкіріп,  
Сөзін қайта жалғады:  
— Тілімді ешкім алмады,  
Мықты басса кәріне,  
Үстем екен бәріне.


Билігім жоқ өмірде,  
Алақандай өңірге,  
Қаһарлы емес айбатым,  
Және мәлім қайратым.  
Тұрмыстың көп қорлығын,  
Көрмеген ем,  
Барлығын,  
Өзім билеп төстеген,  
Қоныс еді көшпеген.  
Кеше бақсам бар аңды,  
Бүгін күнім қараң-ды,  
Мал жүргізіп билікті,  
Жеріме кеп килікті.  
Жесе де ішіп бар құтты,  
Өзімді ылғи қорқытты.  
Беделімді түсіріп,  
Зәремді де ұшырып,  
Бермей титтей мұрсатты,  
Қуғынға сап шаршатты.  
Қатты созып құлақты,  
Енді Бүкең жылатты.  
Түстім қалай қырыңа,  
Не дейін мен мұныңа.  
Кінәлі осы десе егер,  
Жазамды бер, кеше гөр.  
Қисаң қыршын жасымды,  
Ием дәйім басымды.  
Айналайын, бүркітім,  
Қанымды қи бір жұтым.  
Өлтірмеші жастайын,  
Менмендікті тастайын,  
Малға қарсы баспайын,  
Мен аузымды ашпайын.  
Ауырды, ойбай, құлағым,  
Әлім бітті, құладым.

... Қоян ауыр күрсінді,  
Бастан кешіп бір сынды,  
Екі көзі алақтап,  
Денесі тұр салақтап.  
Төрт аяғы тыраңдап,  
Тыпырлады бұраңдап.

— Көп кетірмей мазаңды,  
Мен берейін жазаңды.  
Әрең-әрең қыбырлап,  
Ернің сенің жыбырлап,  
Сөйлегелі тұрсың ба,  
Ондай ернің құрсын да, —  
Деді Бүркіт шамданып,  
Қанат қағып қомданып,  
Ернін шоқып алады,  
Қаны жерге тамады.  
Бүркіт алып үрейді,  
Қоянды әбден ірейді.  
Құлағын да созады,  
Сілкілеген азабы,  
Жанға батып мазағы,  
Қоян жүдеп азады.

Содан бері қоянның,  
Бұл да көпке аян мұң,  
Құлағы да ұзарған,  
Жасық еті қызарған.  
Екі көзі атысқан,  
Қылиланып шатысқан.  
Жырық ерні салпып,  
Отырады талтиып.  
Жорта-жорта зар қағып,  
Уайыммен қорланып,  
Өзгеріпті түсі де,  
Әлсіз бопты күші де.  
Сөз асырмай басынан,  
Өжет өскен жасынан,  
Қазір қоян елден де,  
Сылдыр еткен желден де,  
Зияны жоқ малдан да,  
Тым майысқақ талдан да,  
Тықырдан да сасады,  
Қорқып тұра қашады.  
Содан қорқақ атанып,  
Кеткені де ап-анық.

Қоян шыбын жаны үшін,  
Малға беріп қонысын,  
Безіп барлық байлықтан,



Су жүрегін шайлыққан,  
Әзер басып, ес жиып,  
Аяғы қапты кәстиіп.  
Барлығынан түңіліп,  
Жігері де үгіліп,  
Тәрік етіп тәлімін,  
Болса дағы әрі мін,  
Жұртқа тастап көжегін,  
Шекесінен теуіпті,  
Жетім етіп кетіпті.  
Шаруасы мандымас,  
Содан қоян қаңғыбас.  
Содан бері қояның  
Жанын қайда қоярын,  
Білмей қатты қорқады.  
Ой мен қырды жортады,  
Бүркіт көрсе ығады,  
Есі де әбден шығады.

Құлақтарын жымырып,  
Бүк астына жүгіріп,  
Жата қалар тығылып,  
Бір уыс боп бүгіліп.  
Қыли көзден жас тамып,  
Бүгін де жүр жасқанып.

Төрт түлік мал қоянды  
(Бір кездегі ноянды)  
Жатсынбады,  
Туыс қып,  
Оған берді тыныштық.  
Бармаған еш керіске,  
Төрт түлік мол өріске  
Алды-дағы жайланып,  
Сүбелері майланып,  
Ырыс-құтқа кенелтіп,  
Елге жатыр жөнелтіп.

## МАРСТАҒЫ МАШАҚАТ

Суайттың сапарнамасынан

Дәл Марстың өзінде,  
Тұрушы еді ағайым.  
“Іздеп соны өзім де,  
Қыдырып бір барайын”, –

Деп жүргенде, сол ағай  
Шақырыпты қонаққа.  
("Ер жетті ғой балақай", –  
Деп қосты ма санатқа).

Бұған қатты шаттандым,  
Базарлық пен сый алдым.  
Достарыма мақтандым,  
Сапарға тез жиналдым.

Түзде тұрған кемені  
Бағыттап ем ғарышқа,  
Қақ жарып құм төбені,  
Тура тарттым Марсқа.

Шатқал-шатқал шыңдарды,  
Бұзып-жарып іркілмей,  
Шайтан өтпес құмдарды  
Кемені тілді еркіндей.

Зулағанда кемене,  
Жете алмады ұшқан құс.  
Тоқтатты тек бөдене,  
Құйып жатқан мыстан қыш.

– Бір тұрайық, жігітім,  
Осында қал, серік бол, –  
Деп жүргізіп үгітін,  
Көп қиылды, беріп қол.

Бірақ оған келіспей,  
Жалғастырдым сапарды.  
Марсқа жері кебістей,  
Кемені тез-ақ апарды.

Марс жәннат жер екен,  
Жасыл желек жамылған.

Адамдары ер екен,  
Аптапқа үсті қарылған.

Елі маған таң қалып,  
Сұрайды кеп соншалық:  
– Шағыл құмды қақ жарып,  
Қалай келдің жол салып?

Гүл ұсынып, қол беріп,  
Қаумалап жұрт қарсы алды.  
Қасыма бір ұл келіп,  
Тұра қалып жар салды:

– Шөлде жүзіп кеменен,  
Туысымыз келіпті.  
Тайталасып кеменен,  
Талай қызық көріпті.

Бірде мініп кемеге,  
Бірде мініп кенеге,  
Жарысқан соң немене,  
Бірін-бірі жеңе ме?


Алып кеме қайраңдап,  
Құмнан өрең өтіпті.  
Қандас бауыр жайраңдап,  
Бізге бүгін жетіпті.

Жаңа ғана танысқан,  
Кең даланың исі аңқып,  
Қазақ бауыр алыстан,  
Келгесін тұр күй шалқып.

Шалғай жақтан туыс кеп,  
Құшақ жайдық бәріміз.  
Алда тұрған жұмыс көп,  
Атқаратын әлі біз.

Қонақ елді аралап,  
Көзбен көрсін бәрін де.  
Шілді мінсін тағалап,  
Болсын әр үй төрінде...





Сол-ақ екен лезде,  
Шілді әкелген еріттеп,  
Біздегідей түрі өзге,  
Сәлем берді Керік кеп.

Ризалық білдіріп,  
Қошеметке бас идім.  
Әзілдестік күлдіріп,  
Ақ төрінде тас үйдің.

Асықпадым — бір апта  
Кездім Марс бөктерін.  
Көргенімнен бірақ та,  
Көрмегенім көп менің.

Үйден шықтық топталып,  
Шілді мініп желөкпе.  
Тайқазандай допты алып,  
Біз келдік бір терекке.

Ағашқа біз таң қалдық,  
Сөлі судай жарқырап,  
Таудың өрін аңғар ғып,  
Ағып жатыр сарқырап.

Дөңес жерге оймақтай  
Терек сөлін бөгепті.  
Беті толған қаймақ, май,  
Шылап жейді кебекті.

Қарап тұрмын шалқарға:  
Ақ жал толқын үстінде  
Торғай жеккен алты арба  
Жеткізбей жүр ешкімге.

Кебісімді қайық қып  
Мініп едім,  
Күшті ағын  
Ағызғанда,  
байып қып,  
Өзімді әрең ұстадым.

Дауыл күні із кесіп,  
Дариядан түк ілдім.  
Бір тал жүнді іздесіп,  
Ала өкпе боп жүгірдім.

Жүз шақырым алыстап  
Шыққан кезде жиектен,  
Шырмалдым бір жабысқақ  
Көк шалаңға жиі еккен.

Жаза алмадым шалаңды,  
Болат сымдай оралған.  
Сосын мініп қаламды,  
Шыға келдім аралдан.

Арал жері — кіл тақтай,  
Атымен жоқ топырақ.  
Суы құрғақ ұнтақтай,  
Бірақ жасыл атырап.

Жүз градус ауасы,  
Шығады эзер дыбысың.  
Бар ма деймін дауасы,  
Тарылмайды тынысың.

Көрдім талай бұл жерден  
Қызықтарды ғажап бір.  
Бір топ балық гүл терген,  
Қу сүйекті қажап тұр.

Жаңғыртып дәу тау ішін,  
Пар ат жегіп қарсы алған,  
Тыңдадым піл дауысын,  
Көше бойлап ән салған.

Дөңес жері көл екен,  
Бұғы ұшып, құр қонған.  
Ойпаң жері шөл екен,  
Сыңсып тұрған нулы орман.

Жанар таулар атылып  
Жатса да үйде күні-түні.  
Балалар жүр ағылып,  
Бір сәт тыймай күлкіні.

Талға қонған биік бір,  
Піл үстінде киік тұр.  
Ай мүйізі жарқырап,  
Жұлдыздарға тиіп тұр.

Бармақтай тау төбесі  
Гірелген күн көзіне.  
Көлден төмен белесі,  
Ұқсайды қыр төсіне.

Қарағайға өрлеген,  
Гасбақалар жем іздеп.  
Тамшы суды,  
Ел деген  
Атайды екен теңіз деп.

Ақша бұлттың сайында  
Қойлары жүр қаптаған.  
Жүн өседі қайыңға,  
Әр талын жез аптаған.

Көрдім семіз түлікті аш,  
Тек тақырға жайылар.  
Ешкісі мен пілі ұқсас,  
Адам әрең айырар.

Үш жүз метр мүйізі,  
Лақ тектес арқары.  
Қызыл шоққа бүйісі,  
Қыздырады арқаны.

Таудың тастақ бөктері,  
Шүпірлеген ақ балық.  
Жасыл шөп те көп тегі,  
Аптапта өскен қақталып.

Қақап тұрған суықта,  
Өзен-көлі қатпайды.  
Он тонна тас жуықта,  
Суға салсаң батпайды.

Жылқысының моторы,  
Жұмыс істер бір тынбай.  
Күмістеген ат ері  
Бұлттан жонған құртымдай.

Саты етіп құйынды,  
Өрлеп барып бұлтқа,  
Бұзаулаған сиырды  
Орайды екен тұлыпқа.

Бақа біткен қырда жүр,  
Түлкі аунайды батпаққа.  
Кенелтетін жырға бір,  
Тоты құмар тақпаққа.

Қолға үйренген аң-құсы,  
Өріп жүрер аулада.  
Бәрінің бар шаңғысы,  
Барып-қайтар тауға да.

Қасқыр қойға тимейді,  
Бір қорада жатады.  
Иттері көп үрмейді,  
Тек садақпен атады.

Қояндары бір ықпай,  
Жолбарыспен ойнайды.  
Сәбіз жесе құрықтай,  
Алжапқыштар байлайды.

Мысықтары кемірет  
Тобықтай мұз түйірін.  
Үш-ақ күнде семірет,  
Көтере алмай бүйірін.

Жүзіп жүрген тақырда,  
Шортандары бұлғындай.  
Тышқандары ақырда  
Жем жеп тұрған құлындай.

Үйректері билейді,  
Гармонь тартып жағада.  
Шабақтарды ілмейді,  
Шаңқылдаған шағала.

Бақайына буланның  
Таға таққан күмістен.  
Иығына құланның  
Шапан жапқан пүліштен.

Арыстанның аузына  
Ұя салған тырналар.  
Таңқалдырып даусына,  
Ағылтады жырды олар.

Инеліктің қанатын  
Төске салып қашапты.  
Самолеттер қонатын  
Үлкен алаң жасапты.

Мекен еткен ғарышты,  
Тауып алдым ағамды.  
Бағады екен барысты,  
Қайраты мол табанды.

Қос мүйізі сорайған,  
Інілерім сарнап жүр.  
Қарғып қырдан, жар, ойдан,  
Әуе көгін шарлап жүр.

Аузын ашса жел есіп,  
Құлатады ағашты.  
Бойы аспанмен теңесіп,  
Жұлдызға да жанасты.

Алты құлаш, екі елі,  
Көз бен қастың арасы.  
Маңдайы кең, шекелі,  
Кішілердің дарасы.

Бөбегінің табаны,  
Қайқы тұмсық қайықтай.  
Үстіндегі шапаны,  
Жүз метрлік майлықтай.

Нар қамыстай әр қылы,  
Алма өскен шашына.  
Құстар қаптап әр қилы,  
Ұя салған басына.

Танауында жортып жүр  
Қасқыр, түлкі жұптасып.  
Төсінде қоян орғып жүр,  
Арлы-берлі жүк тасып.

Жұдырықтай таудағы  
Қызыл тасқа егілген,  
Ағайымның бау-бағы  
Жеміс екен төгілген.

Көмкерілген тек гүлмен  
Айқара аштым қақпасын.  
Араладым көп күн мен  
Сусыз өскен бақшасын.

Алмасы мен алшасы,  
Алмұрт өскен аралас.  
Жүзімінің баршасы  
Асқабақпен шамалас.

Тұнып қапты қапталы  
Ат басындай бұршаққа.  
Жалғыз түйір шабдалы  
Сыймай қойды құшаққа.

Аткөпір боп шашылған,  
Қарақаты қазандай.  
Тазаланып аршылған,  
Сәбіздері сазандай.

Қиярлары келідей,  
Қауындары кемедей.  
Қарбыздары желіде,  
Жыпырлайды кенедей.

Күнбағысы өңкиіп,  
Асқабағы дөңкиіп.  
Жатыр бәрі теңкиіп,  
Тұрғаны жоқ сөмпиіп.

Алды дерсің көз жауын,  
Қызықтауды қоймадым.  
Сексен сәбіз,  
Жүз қауын  
Жесем дағы тоймадым.

Мың қияр жеп сұқ қолдай,  
Жүгеріге ауыстым.  
Мұның бәрі жұқ болмай,  
Қырық қарбыз тауыстым.

Дөңбек пішін жаңғағын  
Шағып жеп ем сойылмен,  
Тіл үйірген бал дәмін,  
Ұмыта алмай қойдым мен.

Шырт ұйқыдан тұра сап,  
Іздеп ек ақ тауықты.  
Ақша бұлтқа ұя сап,  
Жүз жұмыртқа тауыпты.

Қилы қызық осындай,  
Бар деген соң жұлдызда,  
Сапар шектім тосылмай,  
Міне салып құндызға.

Тез-ақ жеттім оған да,  
Шарлап көрдім қаласын.  
Жалғайтын жол жоқ онда,  
Көше мен үй арасын.

Автобусы адамға,  
Мінеді екен ғажабы.  
Көніп алған оған да,  
Ешқандай жоқ азабы.

Айқыш-ұйқыш айқасқан  
Машина жүк тасиды.  
Жолға шашқан қой тастан  
Қарғып өтіп жосиды.

Шаңғы жасап балоннан  
Теуіп жүрді шағылда.  
Көшедегі алаңнан  
Құс атады дауылда.

Күректерін шана ғып,  
Қырдан, құздан заулап жүр.  
Шіркей мінген сан алып,  
Құмнан балық аулап жүр.

Тірідей-ақ есекті  
Тартады екен көкпарға.  
Балалары есепті  
Шығарады ақ қарға.

Ұлдарының мұрыны,  
Тасқа құйған тұғырдай.  
Қыздарының бұрымы  
Түйе өтетін құбырдай.

Балмұздағы тұздалған  
Ерімейді, қап-қатты.  
Көкөністен жұлде алған  
Бұрыштары тәп-тәтті.

Қасаң қарды шыжғырып,  
Мұзды илеп жұмырлап,  
Бес елі май жүздіріп,  
Пісіреді қуырдақ.

Жалтыраған көк мұзда,  
Жайқалып тұр гүл деген.  
Өсетұғын тек құзда,  
Киттері көп көлбеген.

Сиырлары лақтай,  
Су шығады сауғанда.  
Сүт ағады бұлақтай,  
Ептеп жаңбыр жауғанда.

Құлақтары құрақтай,  
Тышқан көрдім таудан да.  
Сарқырама тұр ақпай,  
Тіреліп қап қауданға.

Айға шығып тауығы,  
Жем іздейді ауадан.  
Ала құйын тау ығы,  
Жел соққандай даладан.

Күшіктері сабалақ,  
Кісінейді жылқыша.  
Бұзаулары абалап,  
Бір керемет жұлқыса.

Бойы мыртық аласа,  
Өгіздері керіліп,  
Қар мен мұзды жаласа,  
Кетеді екен семіріп.

Бидайлары сорайған,  
Құдды біздің қарағай.  
Айнымайтын толы айдан  
Дәндері бар қарамай.

Қырман етіп су бетін,  
Тау ғып дәнді үйіпті.  
Масақ теріп үгетін,  
Торғайларды жиыпты.

Сабанды олар аралап,  
Тіледі екен тақтай ғып.  
Сағым үстін тазалап,  
Жол салады оқтай ғып.

Оранып ап сағымға  
Жатады екен дауылда.  
Тастан үккен ақ ұнға  
Гүл өсірген бағында.

Қарды қалап шілде де,  
Там жасапты кең етіп.  
Мұздан пішіп пілге де,  
Тігеді екен нән етік.

Сабан көпір үстімен  
Пойыз зулап ағып жүр.  
Тесік жасап үскімен,  
Қылтанақты қағып жүр.

Аю мінген бес бала,  
Жарысып жүр есекпен.  
Ойнайды екен ес тана,  
Атқыласып кесекпен.

Қызықтым да ойынға,  
Тамашалап көп тұрдым.  
Намыс қайнап бойымда,  
Тай қазандай допты ұрдым.

Аяғым допқа жабысып,  
Бірге ұштым аспанға...  
Тұрмын міне табысып,  
Сәлем беріп достарға.

Естімеген, білмеген  
Басқа жерде аса қат,  
Жеткізе алмас тілменен,  
Марста көп машақат.

Бес күн шарлап төсін кең,  
Келіп тұрмын лепіріп,  
Көрдім бәрін көзіммен,  
Айтты деме өтірік.

Сенбесеңдер, балалар,  
Үшқыр көлік табайық.  
Ғажайып бір қала бар,  
Марсқа тез барайық.

Шарлайық та ғарышты,  
Белгі тастап қайтайық.  
Көзбен көрген бар істі,  
Ертегі етіп айтайық.

## МАЗМУНЫ

Әже әлді	— 5
Жол басы	— 6
Алғашқы қадам	— 6
Тәй, тәй	— 7
Тұсауынды кестік біз	— 7
Әйей бөпем	— 8
Он саусак	— 9
Ұрпағымның жалғасы	— 10
Немере	— 10
Мен атамның жырымын	— 11
Әже тілегі	— 11
Алақаны аялы	— 11
Атам	— 12
Әжем	— 12
Бес саусак пен қол	— 12
Ғажайып	— 13
Жазиралы кең өлкем	— 13
Ақ бесігім	— 14
Ұнатам	— 14
Күм әні	— 14
Күн жауабы	— 15
Сұрақ пен жауап	— 15
Көгілдер көктем	— 16
Күз келді	— 17
Қыс түсіпті	— 17
Сырғанақ	— 17
Жыл сәлемі	— 18
Күміс қар	— 18
Ант етеміз	— 18
Өсіп келе жатырмын	— 19
Бауға ерте келемін	— 19
Мен құмармын ауылға	— 20
Мен асауды үйреттім	— 20

Мен шофермін	— 21
Біздің дәрігер	— 22
Тігіншімін	— 22
Тіл алғыш	— 23
Кітабымды кірлетпеймін	— 23
Бидаймын	— 24
Мұраннын	— 24
Сүретші боламын	— 24
Бұлбұл әнге үйретті	— 24
Гүлнәр	— 25
Ақпай-тоқпай	— 25
Шыныға біл	— 25
Ақ балық	— 26
Қарлығаш	— 26
Жолда	— 27
Бағдаршам	— 27
Не жоқ	— 27
Әжесінің еркесі	— 27
"Оқи алмаймын"	— 28
"Палуан"	— 28
Жылан отыр енді өзі	— 28
"Ішіме қарбыз өсе ме?"	— 29
Жел бар ма?	— 29
Тіліммен жеймін	— 29
"Мен күшік емеспін"...	— 30
"Күнге қолым жетпейді"...	— 30
Аңқау	— 30
Ұшып кетпеші	— 30
Кеше жуғам бетімді	— 31
Жорамал	— 31
"Тәттімін"	— 31
"Көріп тұрмын өзімді"	— 31
Мойындау	— 32
Көлеңке	— 32
Диалогтар	— 32

Кәмпит қайдан шығады	— 34
Олақ	— 34
Кешіп еді шалшықты	— 34
Сыймай қалды етігі	— 35
Кетік тіс	— 35
Кеудені күр керіпті	— 35
Ойынпаз	— 36
Танабай	— 36
Еріншек	— 37
Әй, әй, Жалбыр-ай	— 37
Мазасыз	— 38
Шоңайна	— 38
Жаңылтпаштар	— 39
Өтірік өлеңдер	— 63
<i>Ойын өлеңдер</i>	
Балақан да алақан	— 70
Жалауша	— 72
"Ара" сөзі ойыны	— 74
"Ақ" сөзінен басталған атаулар	— 75
Санамақтар	— 76
Гүл тердік	— 77
Аққуға оқ атпайды	— 78
Жаңа жұмбақтар	— 81
Қоян және төрт түлік жайлы ертегі	— 85
Марстағы машақат	— 103



**Әли ЫСҚАБАЕВ**

**БЕСІК ЖЫРЫ**

**Балаларға арналған өлеңдер**

●  
**Редакторы Нұрғали ОМАРҚҰЛОВ**  
**Суретшісі Шалқар ОМАРҚҰЛОВ**  
**Пректоры Злиха ҚҰМҒАНБАЕВА**

●  
**ISBN 5 - 7667 - 2921 - 9**

●  
Теруге 2.09.95 жылы жіберілді.  
Басуға 20.01.96 қол қойылды.  
Таралымы 5000 дана.

Автордың өзі ұсынған басылым үлгілерінен басылды.  
Пішімі 84×10<sup>8</sup>/<sub>32</sub>. Шартты баспа табағы 5,88  
Есепті баспа табағы 5,84.  
Тапсырыс 272.

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері  
жөніндегі ұлттық агенттігінің Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы  
қаласы, Мақатаев көшесі, 41-үй.